

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚР НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

## **БУНКЕРЛЕР МЕН РЕЗЕРВУАРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ.**

**Сұйықтықты оқшаулайтын және ұстап тұратын  
темірбетон конструкциялар бөлімі**

---

## **ПРОЕКТИРОВАНИЕ БУНКЕРОВ И РЕЗЕРВУАРОВ.**

**Часть. Железобетонные конструкции,  
локализирующие и удерживающие жидкость**

**ҚР НТҚ 02-03.1-2012  
НТП РК 02-03.1-2012**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 г. № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

# МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	VI
<b>1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ</b> .....	1
<b>2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	2
<b>3 АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР</b> .....	3
3.1 Жалпы терминдер.....	3
3.2 Көтергіш конструкциялар есебіне байланысты арнайы терминдер.....	4
3.3 Әсер етулермен байланысты терминдер .....	5
<b>4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ</b> .....	7
4.1 Белгілеулер.....	7
4.2 Өлшем бірліктері.....	9
<b>5 ӘСЕР ЕТУ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ КӨРСЕТУЛЕР</b> .....	10
5.1 Сұйыққоймаларға әсер етудің көрсетілуі .....	10
5.2 Сұйыққоймаларға әсер ететін топтастыру.....	10
5.3 Әсер етулер .....	11
5.3.1 Сақталатын сұйықтық салдарынан болатын жүктемелер .....	11
5.3.2 Ішкі қысымдардан болатын әсер етулер .....	11
5.3.3 Температура өзгеруінен болатын әсер етулер .....	11
5.3.4 Өзіндік салмағынан болатын әсер етулер .....	12
5.3.5 Оқшауламадан болатын әсер етулер .....	12
5.3.6 Үлестірілген пайдалы жүктемелер .....	12
5.3.7 Шоғырланған пайдалы жүктемелер .....	12
5.3.8 Қар .....	12
5.3.9 Жел.....	12
5.3.10 Жеткіліксіз желдетудің есебінен болған қысымның төмендеуі .....	13
5.3.11 Сейсмикалық әсер етулер.....	13
5.3.12 Ірігетін ғимараттардан болатын әсер етулер.....	14
5.3.13 Нысанды біркелкі емес отырудан болатын әсер етулер .....	14
5.3.14 Авариялы әсер етулер .....	14
<b>6 ӘСЕР ЕТУДІҢ ЕСЕПТІК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН КОМБИНАЦИЯЛАРЫ</b> .....	15
6.1 Сұйыққоймаларда сақталатын сұйықтықтарға арналған есептік жағдайлар .....	15
6.2 Қатерлішектік күйлер .....	15
6.3 Көтергіш қабілеттігін тексеру.....	16
6.4 Әсер ету комбинациялары (шаршайтын құбылыстарға әкелетін әсер етуісіз).....	16
6.4.1 Жалпы ережелер .....	16
6.4.2 Тұрақты немесе ауыспалы есептік ситуациялардың әсер ету комбинациялары (негізгі комбинациялар).....	17
6.4.3 Авариялы есептік ситуациялардағы әсер ету комбинациялары .....	17
6.4.4 Есептік ситуацияларға арналған сейсмикалық әсер ету комбинациялары....	18
6.4.5 Әсер етулер және әсер ету комбинацияларына арналған жеке коэффициенттер .....	18
6.4.6 Материалдар мен бұйымдарға арналған жеке коэффициенттер.....	19

6.5	Жарамды пайдалану бойынша шектік күйлер .....	19
6.5.1	Тексерулер .....	19
6.5.2	Жарамды пайдалану критериилері.....	19
6.5.3	Әсер ету комбинациялары.....	19
6.5.4	Материалдарға арналған жеке коэффициенттер.....	21
6.5.5	Әсер етулер және жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициенті .....	21
6.6	Жарылыстарды есептеу қағидалары .....	21
<b>7</b>	<b>МАТЕРИАЛДАР .....</b>	<b>22</b>
7.1	Бетон .....	22
7.1.1	Жалпы ережелер.....	22
7.1.2	Сығудағы беріктік бойынша бетондар класы, оларға сай сипаттамалы және сепетеу кедергілері .....	22
7.1.3	Серпімді деформациялар.....	24
7.1.4	Шөгу және жылжып жайылу .....	25
7.1.5	Гидратация салдарынан температура тәртібінің өзгеруі және жылу бөлуі ..	28
7.2	Арматуралы болат .....	28
7.2.1	Қолданылатын арматура кластары.....	28
7.2.2	Қасиеттері .....	28
7.3	Кернеуленген арматура.....	30
7.3.1	Алдан ала кернеуленген болат.....	30
7.3.2	Касиеттері .....	30
<b>8</b>	<b>ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР .....</b>	<b>31</b>
8.1	Темірбетон сұйыққоймаларының сипаттамасы және құрылыстық (конструктивті) шешімдері .....	31
8.2	Цилиндрлі сұйыққоймалардың құрылымдары.....	35
8.3	Тік бұрышты сұйыққоймалардың құрылымдары .....	39
8.4	Сұйыққоймаларды жобалау бойынша негізгі талаптар .....	40
8.5	Сұйыққоймаларды металдар коррозиясынан және өткізгіштіктен қорғау .....	49
8.6	Сұйыққоймаларды өткізбеушілікке сынау .....	49
8.7	Сұйыққоймалардың жабдықтары .....	50
<b>9</b>	<b>КӨТЕРГІШ ҚАБІЛЕТІ БОЙЫНША КҮЙ ШЕГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СҰЙЫҚТЫҚТЫ ОҚШАУЛАУШЫ ЖӘНЕ ТҮТҚЫР ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ULS.....</b>	<b>52</b>
9.1	Жалпы ережелер .....	52
9.2	Тік бұрышты сұйыққоймаларды есептеу .....	53
9.2.1	Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу (І-ші типті қабырға). 53	
9.2.2	Қысқабойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу (ІІ-ші типті қабырға) .....	57
9.2.3	Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын конструкциялау (І-ші типті қабырға) .....	59
9.2.4	Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын конструкциялау (ІІ-ші типті қабырға) .....	60
9.3	Цилиндрлі сұйыққоймаларды есептеу .....	60
9.3.1	Цилиндрлі сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу.....	60

9.3.2 Цилиндрлі сұйыққомалардың қабырғаларын конструкциялау .....	65
9.4 Сұйыққойманың түбін есептеу .....	66
<b>10 SLS ЖАРАМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ШЕКТІК КҮЙІНЕ</b>	
<b>БАЙЛАНЫСТЫ СҰЙЫҚТЫҚТЫ ОҚШАУЛАУШЫ ЖӘНЕ ТҮТҚЫР</b>	
<b>ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЕСЕПТЕУ .....</b>	<b>77</b>
10.1 Жарықты бақылау .....	77
10.1.1 Жалпы сұрақтар .....	77
10.1.2 Есептеудің тікелей емес жарықтың пайда болғанын бақылау .....	78
10.1.3 Жарық енін есептеу .....	79
10.1.4 Деформация салдарынан қалыптасқан жарықты минимизациясы .....	79
<b>11 КОНСТРУКЦИЯЛАУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>85</b>
11.1 Кернелетін арматура элементтері мен арналарын орналастыру .....	85
11.1.1 Кезекті(келесі)кернеуленген арналар .....	85
11.1.2 Алдын ала кернелетін арматура элементтеріне арналған анкерлі	
құрылғылар және біріктіру элементтері .....	85
11.2 Арматураланған бетон қабырғалары .....	85
11.2.1 Қабырғалар арасындағы бұрыштық біріктірулер .....	85
11.2.2 Деформация жігінің болуын қамтамасыз ету .....	86
11.3 Алдын ала кернеуленген қабырғалар .....	86
11.3.1 Енжар арматуралаудың ең төменгі ауданы және көлденең қиманың	
өлшемдері .....	86
<b>А қосымшасы (ақпараттық) Сұйықтықтың меншікті номиналды салмағының мәні</b>	
<b>және құрылыс материалдардың меншікті номиналды салмағының мәні .....</b>	<b>87</b>
<b>Б қосымшасы(міндетті) Тұрақты және ауыспалы есептік ситуацияларда әсер етулердің</b>	
<b>есептік мәні .....</b>	<b>89</b>
<b>В қосымшасы (ақпараттық) Бетон қасиетіне әсер ететін температура .....</b>	<b>92</b>
<b>Г қосымшасы (ақпараттық) Кернеуленбеген арматура кластарын белгілеу сәйкестігі ..</b>	<b>95</b>
<b>Д қосымшасы (ақпараттық) Салынатын деформациялардың шектелуіне шалдығатын</b>	
<b>бетон қимасының кернеуі мен деформациясын есептеу .....</b>	<b>96</b>
<b>Е қосымшасы (ақпараттық) Салынатын деформациялардың шектелуі салдарынан</b>	
<b>болған жарықтың енін есептеу .....</b>	<b>100</b>
<b>Ж қосымшасы(ақпараттық)Деформация жіктерінің болуын қамтамасыз ету .....</b>	<b>102</b>
<b>Библиография .....</b>	<b>103</b>

## **КІРІСПЕ**

Осы құралда Қазақстан Республикасының климат жағдайына байланысты пайдалынатын сұйықты шектейтін және ұстап тұратын темірбетонды конструкцияларын жобалайтын нұсқаулық бар.

Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстар көлемінің өсуіне байланысты тазартқыш ғимараттар және сумен қамту объектілер санын да көбейту қажет.

Біздің елімізде өнеркәсіптендіру әдіспен жобалау және типтік жоба бойынша жасалған құрама темірбетон конструкциясының сиымдылық ғимарат құрылысы кең тараған. Отанымыздың жобалау тәжірибесінде сумен қамту жүйесіне (су сақтайтын және өрт сөндіретін сумен қамту сұйыққоймалары) және канализацияларға арналған (тұндырғыштар, сүзгілер, мөлдірлеткіштер, аэротенктер, құмұстағыштар, араластырғыштар, т.б.) темірбетонды ғимараттар көп қолданады.

Осы ғимараттарды жобалау үдерісінде конструктивтік, геометриялық параметрлерін, негізгі құрылыс материалдарын, конструкцияларды дайындау және көтеру технологияларын таңдауда ерекше көңіл бөлу қажет.

Арнайы инженер ғимараттар құрылыстары көлемінің өсуіне байланысты инженер–жобалаушылардың алдына ғылыми–техника жетістіктерін қолданумен шешілетін жаңа міндеттер қойылады.

Осы Құралда келтірілген физикалық шама бірліктері «Құрылыста қолданылатын физикалық шама бірліктерінің тізімдеріне» сай келеді.

Оқу Құралының материалдардың талдаулары мен жақын, алыс шетелдерінің зерттеулері және олардың Еврокод -2 негізгі қағидаларымен үйлестігі бар.

Осы нормативтік-техникалық Құрал өз ерікті негізінде қолданылуға арналған Қазақстан Республикасында нормативті құжат ретінде іске енеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ  
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****БУНКЕРЛЕР МЕН РЕЗЕРВУАРЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. СҰЙЫҚТЫҚТЫ  
ОҚШАУЛАЙТЫН ЖӘНЕ ҰСТАП ТҰРАТЫН ТЕМІРБЕТОН  
КОНСТРУКЦИЯЛАР БӨЛІМІ****ПРОЕКТИРОВАНИЕ БУНКЕРОВ И РЕЗЕРВУАРОВ. ЧАСТЬ.  
ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ КОНСТРУКЦИИ, ЛОКАЛИЗУЮЩИЕ И  
УДЕРЖИВАЮЩИЕ ЖИДКОСТЬ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 [1.1.2(101)P] СН РК EN 1992–3] Осы құралда ҚР ҚН EN 1992 1-ші бөлігінде қосымша қарастырылатын сұйықтыққа арналған алдын ала кернеуленген бетон немесе темірбетон, шамамен арматураланған немесе арматураланбаған бетоннан жасалған конструкцияларды жобалайтын ережелері қарастырылады.

1.2. [1.1.2(102)P] СН РК EN 1992–3] Осы құралда материалдар мен сұйықтарды сақтайтын конструкция элементтерін жобалайтын қағидалары мен қолдану ережелері қарастырылады (яғни сұйыққоймалардың қабырғалары тікелей жүктелген). Басқа элементтер берілген негізгі элементтерді сүйемендейтін (мысалы, анкерлі тірек, су арынды мынарадағы сұйыққоймаларды сүйемендейтін) ҚР ҚН EN 1992-1-1 бөлігіндегі қағидаларына сай жобаланады.

1.3 [1.1.2(103)P] СН РК EN 1992–3] Осы Құралда қарастырылмайды:

- өте төмен және өте жоғары температурада материалдарды сақтайтын конструкцияларды;
- қауіпсіздік немесе денсаулыққа қатер төнетін жарылатын материалдарды сақтайтын конструкцияларды;
- төбежабын немесе футировканы жобалау мен таңдау және оларды таңдау салдарын жобалау конструкцияларды (герметикалық сұйыққоймаларды, жүзбелі конструкцияларды және оларға ұқсастарды).

1.4 Осы құрал –40°C және +200°C температура арасында болатын тұрақты материалдарды сақтауға жарамды. Төбежабын мен футировканы таңдау және жобалау үшін осы нақты құралға сүйенеді.

1.5 Осы құрал сұйықтық және түйіршік бөлшектерді сақтауға арналған конструкцияларға жатса да, су өткізбеушілік есебінен жобалануды қарастыратын баптарында, су өткізбеушілігі қажетті басқа конструкциялар түрлеріне де келеді.

1.6 Беріктік және ағыш кету қасиеті бар тарауларда, осы құрал ең алдымен сулы сұйықтықты қарастырады. Егер де басқа сұйықтық сақталатын конструкция бетонмен өзара әрекетте болса, онда арнайы әдебиетке сүйенеді.

## **2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құралды қолдану үшін келесі сілтемелі нормативті құжаттарды қолдану қажет:

ҚР ҚН EN 1990 Еврокод. Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991–1–5 Еврокод 1. Конструкцияға әсер етуі. 1–5 бөлімі. Жалпы әсер етуі. Жылумен әсер етуі.

ҚР ҚН EN 1991–4 Еврокод 1. Конструкцияға әсер етуі. 4 бөлімі. Бункерлер мен сұйыққоймалар.

ҚР ҚН EN 1992–1–1 Еврокод 2. Бетон конструкциясын жобалау. 1–1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1992–3 Еврокод 2. Бетон конструкциясын жобалау. 3 бөлім. Сұйықтықты окшаулаушы және тұтқыр конструкциялар.

ҚР ҚН EN 1997 Еврокод 7 Геотехникалық жобалау.

ЕСКЕРТУ - Осы Құралды қолдануда мақсатқа лайықты ағымдағы жылдың күйі бойынша жыл сайын құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аймағында әсер ететін сәулет қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасы стандарты бойынша нормативті құжаттардың нұсқаулары» және «Мемлекеттер арасындағы нормативті құжаттардың нұсқаулары» бойынша сілтемелі құжаттардың әсерін тексеру керек. Егер сілтемелі құжаттар ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы құралды қолдануда ауыстырылған (өзгертілген) құжаттарды басшылыққа алу керек. Егер сілтемелі құжат ауыстырылмай өзгертілсе, онда сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөліктерде ғана қолданылады.



### 3 АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Осы Құралда ҚР ҚН EN 1990, ҚР ҚН EN 1991–4, ҚР ҚН EN 1992–1–1 анықтамалар мен терминдер қолданылады.

#### 3.1 Жалпы терминдер

**3.1.1 Құрама конструкциялар** (precast structures): Конструкцияда өзінің соңғы жайында дайындалған емес, бөлек элементтерден құралған конструкциялар. Конструкцияларда элементтер өз ара бірігіп, қажетті тұтас конструкциялармен құрайды.

**3.1.2 Бетонмен ілініспеген күш салынған элементтер және сыртқы күш салынған элементтер** (unbonded and external tendons): Ішкі монолиттенген каналдары бар кернеуленген элементтерге арналған бетонмен ілініспеген күш салынған элементтер, және көлденең бетон қимасының сырт жағында орналасқан күш салынған элементтер(тартылғаннан кейінқорғаныс жабыны бар немесе бетонмен қорғалатын).

**3.1.3 Алдын ала кернеуленген** (prestress): Алдын ала кернеуленген үдеріс бетон элементіне қарасты күш салынған элементтерді созу жолымен бетон конструкцияларына салынатын күштермен тұжырымдалуы. «Алдын ала кернеуленген» термині жалпы жағдайда конструкциялардың деформациялары және қималарда ішкі күштердің пайда болуына әкелетін алдын ала кернеуленген үдерісінде түрлі тұрақты әсер етулерді белгілеу үшін қолданылады.Техникалық кодексте алдын ала кернеуленген басқа түрлері қарастырылмайды.

**3.1.4 Құрылыс материалдары** (construction material): Құрылыста қолданылатын материалдар, мысалы; бетон, болат, ағаш сүрегі, кірпіш т.б.

**3.1.5 Конструкция (ғимарат)** (structure): Барабар қатаңдықпен қамтамасыз ететін және жүктемені қабылдауға арналған конструктивті элементтерін өзара қисындастыруынқарастырады.

**3.1.6 Конструктивті элемент** (structural member): Физикалы тұрғыда ажыратылатын конструкция бөлігі, мысалы, ұстын, арқалық, тақта, іргетас қадасы.

**3.1.7 Ғимараттың конструктивті нысаны**(form of structure): Конструктивті элементтердің орналасуын анықтайды.

ЕСКЕРТУ Ғимараттың конструктивті нысаны – бұл, мысалы, жақтаулар, аспалы көпірлер.

**3.1.8 Конструктивті жүйе** (structural system):Бірге жұмыс істеу үшін нақты әдіспен біріккен инженер құрылыстары мен ғимараттарының көтергіш бөлшектері.

**3.1.9 Ғимараттың моделі** (structural model):Есептеу тексерістерді және есептеуді жобалауда қолданылатын ғимараттың мінсіз сұлбасы.

**3.1.10 Сұйыққойма** (tank):Сұйықтықты сақтауға арналған сұйыққойма конструкциялары.

**3.1.11 Тік оқпан:**Тік қабырғалары бар сұйыққоймабөлігі.

## 3.2 Көтергіш конструкциялар есебіне байланысты арнайы терминдер

3.2.1 **Есептеу өлшемдері** (design criteria): Әрбір шектік күйде орындалу шартын көрсететін сандық көрсеткіштер.

3.2.2 **Есептеу жағдайлары** (design situations): Шектік күйлердің артпағанын көрсететін есептеулер уақыт аралығында кездесетін нақты шарттарды модельдейтін физикалық шарттардың жиынтығы.

3.2.3 **Ауыспалы есептік жағдайлар** (transient design situation): Ғимараттарды қолдану кезеңімен салыстырғанда ұзақтылығы бойынша аз, нақты уақыт аралығында өткізілетін жағдайлар және оның пайда болу ықтималдығы жоғары.

ЕСКЕРТУ Ауыспалы есептік ситуация уақытша пайдалану шартына жатады немесе көтеретін конструкцияға әсер ету, мысалы, құрылыс кезінде немесе жөндеу жұмыстарын жүргізгенде.

3.2.4 **Тұрақты есептік жағдайлар** (persistent design situation): Ғимараттарды пайдаланудың барлық кезеңінде анықталатын жағдайлар.

ЕСКЕРТУ Әдетте ол пайдаланудың нормал шартына жатады.

3.2.5 **Авариялы есептік жағдайлар** (accidental design situation): Әсер етулер немесе ғимараттардың шарттарын ерекше есептейтін жағдайлар, мысалы, өрт, жарылыс, соққы немесе жергілікті қирауы.

3.2.6 **Сейсмикалық есептік жағдайлар** (seismic design situation): Сейсмикалық әсер етуде ғимараттар үшін ерекше шарттарды есепке алатын есептік жағдайлар.

3.2.7 **Жүктеу сұлбасы** (load arrangement): Бос әсер етудің бағытын, шамасын, жай-күйін сипаттайтын сұлба.

3.2.8 **Жүктеу жағдайы** (load case): Кейбір тексерілетін есептеулерде әр түрлі жүктеу сұлбалардың алмасатын жағдайы – деформациялар мен жетіспеушіліктер жиынтығы тіркелген тұрақты және ауыспалы әсер етумен бірігіп қарастырылады.

3.2.9 **Шектік күй** (limit states): Құрылыс конструкциялар талабы артқанда жобалау нормаларының талаптарына жауап бере алмайтын күйі.

3.2.10 **Қатерлі шектік күй** (ultimate limit states – ULS): Конструкциялардың (ғимараттардың) бұзылуы немесе басқа нысандардың апаттылығына байланысты күйлері.

ЕСКЕРТУ Ереже бойынша, конструкцияның немесе оның элементтерінің ең жоғарғы көтергіш қабілетіне сай келеді.

3.2.11 **Пайдаланудың жарамдығы бойынша шектік күй** (serviceability limit states – SLS): Конструкцияларды немесе оның бөлшектерін жарамды пайдалануға орнатылған талаптары орындалмайтын күйлер.

3.2.12 **Қатерлі пайдаланудың жарамдығы** (serviceability criterion): Жарамды пайдалану бойынша шектік күйдің есептік көрсеткіші.

3.2.13 **Көтергіш қабілеттілігі** (resistance): Конструктивті бөлшектердің немесе оның көлденең қимасының механикалық бұзылуысыз әсер етулерге қарсы тұру қабілеттілігі, мысалы, иілуге кедергі, орнықтылықты жоғалтқандағы кедергі, созылу кедергісі.

3.2.14 **Беріктік** (strength): әсер етулерге қарсы тұру қабілеттілігін сипаттайтын материалдардың механикалық қасиеттері, әдетте, механикалық кернеулердің бірлігімен көрсетіледі.

### 3.3 Әсер етулермен байланысты терминдер

#### 3.3.1 ( $F$ ) әсер ету (action ( $F$ )):

- а) Ғимаратқа әсер ететін (тура әсер ету) күштер тобы (жүктемелер);
- б) Жер сілкіну немесе табанның отыруы біркелкі еместігінен, температураның немесе ылғалдықтың өзгеруінен пайда болған тербелістер немесе деформациялар түсіретін топ.

3.3.2 **Әсер ету тиімділігі** ( $E$ ) (effect of action ( $E$ )): Конструкциялардың бөлшектеріне әсер ететін нәтиже (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеулер деформациялар) немесе әсер етуден пайда болған барлық ғимараттың реакциялары (мысалы, иілу, бұрылыс).

3.3.3 **Тұрақты әсер ету** ( $G$ ) (permanent action ( $G$ )): Пайдалану мерзіміндегі әсер етулер шамаларының уақытша өзгерілуі орта мәндерімен салыстырғанда шамалы емес, немесе әрқашан бір бағытта және бір қалыптаанықталған шектік мәніне жеткенде өзгертін әсер етулер.

3.3.4 **Ауыспалы әсер ету** ( $Q$ ) (variable action ( $Q$ )): Уақыт аралығында оның шамасының өзгерілуі бірқалыпта емес және шамалы емес болып табылатын әсер етулер.

3.3.5 **Авариялы әсер ету** ( $A$ ) (accidental action ( $A$ )): Әсер ету, ереже бойынша, қысқа уақытты, бірақ шамасы бірталай, ғимаратты пайдалануда есептік мерзім ішінде пайда болатыны ықтимал.

ЕСКЕРТУ 1 Авариялы әсер етуден кейін ауыр зардап шегуі мүмкін, егер сәйкес шараларды қолданбаса.

ЕСКЕРТУ 2 Соққы, қар жел, сейсмикалық әсер етулер ауыспалы немес авариялы болуы мүмкін, оларды салыстырмалы статикалық үлестіруі мәліметіне байланысты.

3.3.6 **Сейсмикалық әсер ету** ( $A_E$ ) (seismic action ( $A_E$ )): Жер сілкіну кезінде топырақтың қозғалысынан пайда болған әсер ету.

3.3.7 **Геотехникалық әсер ету** (geotechnical action): Топырақ суынан немесе сеппеден ғимараттарға берілетін әсер ету.

3.3.8 **Тіркелетін әсер ету** (fixed action): Конструкцияларға немесе конструкция бөлшектеріне қатысты жағдайлар және тұрақты бөлуі бар әсер ету, нәтижесінде оның шамалары және осы әсер ету бағыты конструкциялар немесе конструкция бөлшектері үшін анықталады, егер оның шамасы мен бағыты конструкциялар немесе конструкция бөлшектерінің бір нүктесі үшін анықталған болса.

3.3.9 **Бос әсер ету** (free action): Конструкцияға қатысты түрлі кеңістікте таратылатын әсер ету.

3.3.10 **Жеке әсер ету** (single action): Конструкцияға кез келген басқа әсер етулерден статикалы тұрғыда кеңістікке және уақытқа байланысты емес әсер ету.

3.3.11 **Статикалық әсер ету** (static action): Конструкцияларға немесе конструкция бөлшектеріне маңызды тербелістер қоздыртпайтын әсер ету.

**3.3.12 Динамикалық әсер ету** (dynamic action): Конструкцияларға немесе конструкция бөлшектеріне маңызды тербелістер қоздыратын әсер ету.

**3.3.13 Квазистатикалық әсер ету** (quasi-static action): Есептеуде эквивалентті статикалы әсер ету сияқты көрсетілген динамикалы әсер ету.

**3.3.14 Әсер етудің сипаттамалық мәні ( $F_k$ )** (characteristic value of an action ( $F_k$ )): Әсер етудің репрезентативті мәнін анықтайды.

ЕСКЕРТУ Егер әсер етудің сипаттамалық мәні статикалы тұрғыда белгіленген болса, онда оны берілген ықтималдықпен анықтайды, бұл жағдайда «уақыттың референт кезеңінде» осы мән артпайды; осы жағдайда ғимаратты пайдаланудың есептік мерзімі және есептеу жағдайының ұзақтылығы есепке алынады.

**3.3.15 Ауыспалы әсер ету комбинациялық мәні ( $\psi_0 Q_k$ )** (combination value of a variable action ( $\psi_0 Q_k$ )): Ауыспалы әсер ету мәні, мүмкіндік бойынша таңданған, статикалық негізінде, комбинациялық әсер етуден қоздырылған, тиімділіктің артуына ықтимал болатын әсер етудің сипаттамалық мәнінің артуы сондай болса екен. Комбинациялық мәні ауыспалы әсер етудің сипаттамалық мәнінің бөлігінен тұрады және сипаттамалық мәнін коэффициентке көбейтуі арқылы анықталуы мүмкін  $\psi_0 \leq 1$ .

**3.3.16 Ауыспалы әсер етудің жиілік мәні ( $\psi_1 Q_k$ )** (frequent value of a variable action ( $\psi_1 Q_k$ )): Ауыспалы әсер етудің мәні статикалық негізінде, мүмкіндік бойынша таңданған, оның әсері жиынтық уақытта референт кезең шегінде бұл мән артқанда референт кезеңде аз бөлігі болып табылатын, немесе осы артулардың жиілігі берілген мәнімен шектелсін. Жиілік мәні ауыспалы әсер етудің сипаттамалық мәнінің бөлігінен тұрады және сипаттамалық мәнін коэффициентке көбейтуі арқылы анықталуы мүмкін  $\psi_0 \leq 1$ .

ЕСКЕРТУ Көп компонентті көліктік әсер етудің жиілік мәнін –ҚР ҚН EN 1991–2 жүктемелер тобын қара.

**3.3.17 Ауыспалы әсер етудің квазитұрақты мәні ( $\psi_2 Q_k$ )** (quasipermanent value of a variable action ( $\psi_2 Q_k$ )): Ауыспалы әсер етудің мәні уақыттың референт кезеңінің көп бөлігін құрайды, осы жиынтық уақыт аралығында ол артады. Квазитұрақты мәні ауыспалы әсер етудің сипаттамалық мәнінің бөлігінен тұрады және сипаттамалық мәнін коэффициентке көбейтуі арқылы анықталуы мүмкін  $\psi_0 \leq 1$ .

**3.3.18 Ауыспалы әсер етудің ілеспелі мәні ( $\psi q_k$ )** (accompanying value of a variable action ( $\psi q_k$ )): Ауыспалы әсер етудің мәні әсер ету комбинациясында биіктікте болатын әсер етумен қоса болады.

ЕСКЕРТУ Ауыспалы әсер етудің ілеспелі мәні оның комбинациялық, жиілік және квазитұрақты мәні бола алады.

**3.3.19 Әсер ету комбинациялары** (combination of actions): Әсер ету мәндерінің есептік жиынтығы, түрлі әсер етулердің бірдей әсерінен кейбір шектік күйлер бойынша ғимараттың сенімділігін тексеруде қолданады.

## 4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Осы нормативтік-техникалық құралда ИСО 3898:1987 сәйкес шартты белгілер мен бірыңғай символдар қолданылады.

### 4.1 Белгілеулер

#### Латын алфавитінің бас жазба әріптері

$A_c$  – бетонның көлденең қимасының ауданы;  
 $A_p$  – кернеуленген элементтің немесе элементтердің ауданы;  
 $A_s$  – арматураның көлденең қимасының ауданы;  
 $A_{s,min}$  – арматураның көлденең қимасының минималды ауданы;  
 $A_{sw}$  – көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;  
 $M$  – июші моменті;  
 $M_{Ed}$  – ішкіиюші моментінің есептік мәні;  
 $N$  – бойлық күштер;  
 $N_{Ed}$  – бойлық күштердің есептік мәні;  
 $T$  – айналдыру моменті;  
 $T_{Ed}$  – айналдыру моментінің есептік мәні;  
 $V$  – көлденең күштер;  
 $V_{Ed}$  – көлденең күштердің есептік мәні;  
 $E_c, E_{c(28)}$  – 28 тәулік шақта  $\sigma_c = 0$  кернеуде ауыр бетонға арналған серпімділіктің жанама модулі;  
 $E_{c,eff}$  – бетонның серпімділіктің тиімді модулі;  
 $E_{cd}$  – бетонның серпімділіктің модулінің есептік мәні;  
 $E_{cm}$  – бетонның серпімділіктің қиюшы модулі;  
 $E_{c(t)}$  –  $t$  тәулік шақта  $\sigma_c = 0$  кернеуде ауыр бетонға арналған серпімділіктің жанама модулі;  
 $E_p$  – алдын ала кернеуленген болаттың серпімділік модулінің есептік мәні;  
 $E_s$  – арматуралы болаттың серпімділік модулінің есептік мәні;  
 $EI$  – иілудегі қатаңдық;  
 $I$  – бетонның көлденең қимасы ауданының инерция моменті;  
 $L$  – ұзындық;  
 $P$  – алдын ала кернеуленген күштер;  
 $P_0$  – тартылудан кейінгі қатайған элементтердің шетіндегі бастапқы күштер;  
 $R_{ax}$  – қарастырылатын элементке қосылған, элементтермен қамтамасыз ететін осьтің жылжуына қарсы сыртқы шектелу дәрежесін анықтайтын коэффициент;  
 $R_m$  – қарастырылатын элементке қосылған, элементтермен қамтамасыз ететін моменттің шектелу дәрежесін анықтайтын коэффициент.

Латын алфавитінің кіші жазба әріптері

$a$  – арақашықтық;

$a$  – геометриялық параметрі;

$\Delta a$  – геометриялық параметрінің ауытқуы;

$b$  – Т немесе L–тәріздес арқалықтың қимасының ені немесе сәресінің ені;

$b_w$  – Т–, I– немесе L– тәріздес арқалық қабырғасының ені;

$d$  – диаметр, биіктік;

$d$  – көлденең қимасының тиімді биіктігі;

$d_g$  – ірі толтырғыш қимасының номиналды үлкен өлшемі;

$e$  – эксцентриситет;

$f_c$  – сығылудағы бетон беріктігі;

$f_{cd}$  – сығылудағы бетон беріктігінің есептік мәні;

$f_{ck}$  – температура есебімен өзгертін сығылудағы бетонның қалыпты беріктік;

$f_{cm}$  – сығылудағы бетонның цилиндрлі беріктігінің орташа мәні;

$f_{ctk}$  – осьтік созылудағы бетон беріктігінің сипаттамалы шегі;

$f_{ctx}$  – созылудағы беріктік, анықталатын;

$f_{ctm}$  – осьтік созылудағы бетон беріктік шегінің орташа мәні среднее;

$f_p$  – созылудағы алдын ала кернеуленген болаттың беріктік шегі;

$f_{pk}$  – созылудағы алдын ала кернеуленген болат беріктігінің сипаттамалы шегі;

$f_{p0,1}$  – алдын ала кернеуленген болат үшін 0,1% аққыштықтың шартты шегі;

$f_{p0,1k}$  – алдын ала кернеуленген болат үшін 0,1% сипаттамалы аққыштықтың шартты шегі;

$f_{0,2k}$  – арматураның 0,2% сипаттамалы аққыштықтың шартты шегі;

$f_t$  – созылудағы арматураның беріктік шегі;

$f_{tk}$  – созылудағы арматураның сипаттамалы беріктік шегі;

$f_y$  – арматураның аққыштық шегі;

$f_{yd}$  – арматура аққыштығының есептік шегі;

$f_{yk}$  – арматура аққыштығының сипаттамалы шегі;

$f_{ywd}$  – көлденең арматура аққыштығының есептік шегі;

$h$  – биіктік;

$h$  – қиманың жалпы тереңдігі;

$i$  – инерции радиусы;

$k$  – коэффициент, фактор;

$l$  ( $l$  немесе  $L$ ) — ұзындық, аралық;

$m$  – масса;

$r$  – радиус;

$l/r$  – қисықтық;

$t$  – қалыңдық;

$t$  – уақыт;

$t_0$  – жүктеме салынған уақыттағы бетон шағы;

$u$  –  $A_c$  ауданымен бетонның көлденең қимасының периметрі;

$u, v, w$  – нүктенің жылжуын құратырушылар;

$x$  – нейтраль осі;

$x, y, z$  – координаттары;

$z$  – ішкі қос күштердің иіні.

### Грек алфавитінің әріптері

$\varepsilon_{av}$  – элементтегі орташа деформациясы;  
 $\varepsilon_{az}$  –  $z$ -деңгейдегі нақты деформациясы;  
 $\varepsilon_{iz}$  –  $z$ -деңгейде салынған ішкі деформация;  
 $\varepsilon_{Tr}$  – тұрақсыз жылу деформациясы;  
 $\varepsilon_{Th}$  – бетондағы бос жылу деформациясы.

### 4.2 Өлшем бірліктері

Осы нормативтік-техникалық құралдар талабына сай орындалатын есептеулерде келесі өлшем бірліктері қолдану қажет:

- |                            |                                 |
|----------------------------|---------------------------------|
| • күштер мен жүктемелер    | – кН, кН/м, кН/м <sup>2</sup> ; |
| • тығыздық                 | – кг/м <sup>3</sup> ;           |
| • кернеу мен беріктік      | – Н/мм <sup>2</sup> (МПа);      |
| • момент (июші, айналдыру) | – кН·м.                         |

## 5 ӘСЕР ЕТУ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ КӨРСЕТУЛЕР

### 5.1 Сұйыққоймаларға әсер етудің көрсетілуі

5.1.1 [2.2(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Сұйыққоймаларды толтыруда олардың жүктемелері гидростатикалық қоспа жүктемелерінің есебімен есептелінеді.

5.1.2 Осы техникалық кодекстің сұйыққоймаларына әсер ететін шама сипаттамасы бір жыл шамасында 2 % жоғары болмауы ықтимал.

### 5.2 Сұйыққоймаларға әсер ететін топтастыру

5.2.1 [2.4(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Сұйыққоймаларға әсер етулері ҚР ҚН EN 1990 бойынша стационарлық әсер ететін өзгерістерімен топтасу қажет.

5.2.2 [4.1.1(1)Р ҚР ҚН EN 1990] Әсер етулер, уақыт аралығында өзгеруіне байланысты, бөлінеді:

- (G) тұрақты әсер етулер, мысалы, құрастырылған жабдықтардың көтеруші конструкцияларының меншікті салмағы, және шөгуге немесе отырудың біркелкі еместігінен қоздырылатын жанама әсер етулер;
- (Q) ауыспалы әсер етулер, мысалы, сұйыққойманың жабынына салынатын жүктемелер, желдің әсер етуі немесе қардың жүктемелері;
- (A) авариялы әсер етулер, мысалы, жарылыс немесе автомобиль соққысы.

ЕСКЕРТУ Салынған деформацияларының қоздыруынан жанама әсер етулер тұрақты немесе ауыспалы болады.

5.2.3 Кейбір әсер етулер, телім орнына байланысты, мысалы, сейсмикалық немесе қарлы, авариялы немесе ауыспалы ретінде қарастырылуы мүмкін, ҚР ҚН EN 1991 және ҚР ҚН EN 1998 қара.

5.2.4 Уақыт аралығында шамалардың өзгеруіне байланысты гидростатикалық әсер етулер тұрақты немесе ауыспалы ретінде қарастырылуы мүмкін.

5.2.5 [4.1.1(4)Р ҚР ҚН EN 1990] Әсер етулер бөлінеді:

- олардың пайда болуына байланысты – тура немесе жанама;
- олардың кеңістікте бөлінуіне байланысты – тіркелетін немесе бос;
- олардың табиғи немесе ғимарат реакцияларына байланысты – статикалы немесе динамикалы.

5.2.6 Әсер етулер модель ретінде жазылған болуы керек, сонымен көп жағдайларда оның шамасы бірнеше репрезентативті мәні бар бір склярмен анықталады.

ЕСКЕРТУ Кейбір әсер ету мен тексерістерде кейбір әсер етулердің көрсетілген шамалары күрделі болуы қажетті.



### 5.3 Әсер етулер

#### 5.3.1 Сақталатын сұйықтық салдарынан болатын жүктемелер

5.3.1.1 [B.2.1(1)P ҚР ҚН EN 1991–4] Толтыру салдарынан әсер етулер жұмыс уақытында толтырылатын өнімнің меншікті салмағының әсер етулері толтыруының ең жоғарғы деңгейінен бастап, толық толтырылған күйіне дейін орналасуы керек.

5.3.1.2 [B.2.1(2)P ҚР ҚН EN 1991–4] Толтыру салдарынан әсер етулер байқалатын толтыру үдерісінде қоршаған ортаның меншікті салмағының әсер етулері толтыруының байқалатын толтыру ең жоғарғы деңгейінен бастап, толық толтырылған күйіне дейін орналасуы керек.

5.3.1.3 Сақталатын сұйықтыққа байланысты жүктемелер келесі көзқарастармен есептелуі керек:

- сұйыққоймаларда сақталатын сұйықтық жолағының нақты ені;
- сұйықтыққа арналған сұйыққоймалардың геометриясы;
- сұйықтыққа арналған сұйыққоймалардың ең жоғарғы толтыру биіктігі

5.3.1.4 әсер етудің  $p$  сипаттау мәні формуласымен есептелуі керек:

$$p(z) = \gamma z, \quad (5.1)$$

ондағы,  $z$  – сұйықтық бет астының тереңдігі,

$\gamma$  – сақталатын сұйықтықтың меншікті салмағы.

5.3.1.5 Сұйықтың меншікті салмағының мәні осы нормативтік–техникалық құралдың А қосымшасына сәйкес қабылданады.

#### 5.3.2 Ішкі қысымдардан болатын әсер етулер

5.3.2.1 [B.2.2(1)P ҚР ҚН EN 1991–4] Жұмыс уақытында «ішкі қысымдардан болатын жүктемелер» деп ішкі қысымдардың меншікті ең жоғарғы және ең төменгі мәндеріне қатысты әсер етулерді түсінуге болады.

5.3.2.2 [B.2.2(1)P ҚР ҚН EN 1991–4] Байқалатын толтыру кезеңінде «ішкі қысымдардан болатын жүктемелер» деп эксперимент үдерісінде ішкі қысымдардың меншікті ең жоғарғы және ең төменгі мәндеріне қатысты әсер етулерді түсінуге болады.

#### 5.3.3 Температура өзгеруінен болатын әсер етулер

Жылуды кеңейту салдарының қысылғанынан болған кернеулерді ескермеуге болады, егер жылуды кеңейту есебінен жүктеменің цикл сандары қажудың пайда болуына немесе циклды пластикалық ақаулығын тәуекелге әкелмесе.

### **5.3.4 Өзіндік салмағынан болатын әсер етулер**

5.3.4.1 [B.2.4(1)P ҚР ҚН EN 1991–4] Сұйыққоймалардың өзіндік салмағының әсер етулері ретінде сұйыққойманың барлық бөлек бөлшектерінің және онда бекітілген компоненттердің өзіндік салмақ қорытқысы тағайындалуы керек.

5.3.4.2 Есептік мәндерін ҚР ҚН EN 1991–1–1, А қосымшасынан қара.

### **5.3.5 Оқшауламадан болатын әсер етулер**

5.3.5.1 [B.2.5(1)P ҚР ҚН EN 1991–4]Оқшаулама салдарының жүктемесі ретінде оқшауламаның өзіндік салмағы тағайындалуы керек.

5.3.5.2 Есептік мәндерін осы нормативтік-техникалық құралдағы А қосымшасынан қара.

### **5.3.6 Үлестірілген пайдалы жүктемелер**

Үлестірілген тағайындалған жүктемелер қолдану нәтижесінде ҚР ҚН EN 1991–1–1 алынуы тиіс, одан басқа олар тапсырушылармен анықталады.

### **5.3.7 Шоғырланған пайдалы жүктемелер**

Шоғырланған жеке жүктемелер қолдану нәтижесінде ҚР ҚН EN 1991–1–1 алынуы тиіс, одан басқа олар тапсырушылармен анықталады.

### **5.3.8 Қар**

Қардың әсер етулерін ҚР ҚН EN 1991–1–3 қара.

### **5.3.9 Жел**


5.3.9.1 Желдің әсер етулерін ҚР ҚН EN 1991–1–4 қара.

5.3.9.2 Домалақ цилиндрлі сұйыққоймалар (5.1 суреті) үшін келесі қосымша қысым коэффициенті қабылдануы тиіс:


- а) үсті ашық сұйыққоймалар және үсті ашық қабылдайтын сұйыққоймалар үшін ішкі қысым:  $c_p = -0,6$ ;
- б) кіші саңылаулары бар желдетілетін сұйыққоймалар үшін ішкі қысым:  $c_p = -0,4$ ;
- с) егер қабылдайтын сұйыққоймалар болса, онда сұйықтыққа арналған қысым сұйыққоймаларға сырттан әсер ететіндей биіктікті өзгертіп жоғарыдан төменге түсетін етіп тағайындалады.

5.3.9.3 Ғимараттың фаза үдерісінде төмендейтін желдің уақытша сипатымен әсер етуі ҚР ҚН EN 1991–1–4 және ҚР ҚН EN 1991–1–6 сәйкес тағайындалуы тиіс .

a)



b)



1 –  $C_p$  EN 1991–1–4 бойынша; 2 –  $C_p = 0,4$ , желдету жағдайын қоспағанда

a – қабылдайтын ваннасы бар сұйыққойма; b – қабылдайтын ваннасы жоқ сұйыққойма

**Сурет 5.1 – Сұйықтыққа арналған дөңгелек сұйыққоймаға желдің әсер ететін қысым коэффициенттері**

### 5.3.10 Жеткіліксіз желдетудің есебінен болған қысымның төмендеуі

[7.4(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Егер сұйықтыққа арналған сұйыққойманың желдету жүйесі бұзылып немесе тоқтап қалса, онда экстрималды жағдайда жүк түсірген үдерісте пайда болған төмендеген қысымды анықтайтын есептің қажетті әдісі қолданылады. Есеп жазылған үдерістегі адиабаттық қасиетті ескеруі қажет.

### 5.3.11 Сейсмикалық әсер етулер

[B.2.11(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Сейсмикалық әсер етулер ҚР ҚН EN 1998–4 бойынша тағайындалуы тиіс, барабар өлшемдерді анықтау үшін басқа да талаптарды көрсетеді.

**5.3.12 Ірігетін ғимараттардан болатын әсер етулер**

[В.2.12(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Отырудан пайда болатын жүктеме мен басқа нәрседен немесе қақпақтардың, құбыржолдардың әсер етулері, сұйыққа арналған сұйыққойманың табанына қатынасы бойынша ғимаратың тәуелсіз табанын ескеру тиіс. Құбыржолының жүйелерін жасалуында сұйыққа арналған сұйыққоймаға мүмкіндігінше ең төменгі әсер етулер әсер етсе.

**5.3.13 Нысанды біркелкі емес отырудан болатын әсер етулер**

[В.2.13(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Отырудан болатын әсер етулерде ескеруі тиіс, егер уақыт аралығында қарастыратын әсер етулерде тең емес отыруларын күтетін болса.

**5.3.14 Авариялы әсер етулер**

Бұл әсер етулер мынандай оқиға салдарын сыртқы соққы толқыны, соққыдан болатын жүктемелер, өрттен болатын жүктемелер, жарылыс, сұйықтыққа арналған ішкі сұйыққоймаларының герметикалық еместігін, шетінен асып толтыруын және ішкі сұйыққоймалардылық толтыруын ескеруі тиіс. Нақты әсер етулер әр жоба үшін тапсырмаларда жеке жобалаумен анықталуы тиіс.

## **6 ЭСЕР ЕТУДІҢ ЕСЕПТІК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН КОМБИНАЦИЯЛАРЫ**

### **6.1 Сұйыққоймаларда сақталатын сұйықтықтарға арналған есептік жағдайлар**

6.1.1 [3.1(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Сұйыққоймаларға әсер етулер әрбір маңызды есептік жағдайлар үшін ҚР ҚН EN 1990 жалпы анықтамалармен сай анықталуы тиіс.

6.1.2 [3.1(2)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Анықталатын есептік жағдайлар және жүктеменің қатерлі жағдайлары қарастырылуы тиіс.

6.1.3 [3.1(3)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Жүктеменің әрбір қатерлі жағдайлары үшін әсер етудің комбинациясы бойынша әсер етудің есептік мәні анықталуы тиіс.

6.1.4 [3.1(4)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Комбинациялау ережесі тиісті растауға байланысты және ҚР ҚН EN 1990 бойынша таңдалуы тиіс.

ЕСКЕРТУ Комбинациялау ережесінің анықтауын ҚР ҚН EN 1991–4 А Қосымшада көрсетілген.

6.1.5 Шектелген ғимараттың құрылымдарынан берілетін әсер етулер ескерілуі тиіс.

6.1.6 Берілетін және толтырылатын жүйелерден болатын әсер етулер ескерілуі тиіс. Әсіресе тұрақты орнатылмаған берілетін жүйелер үшін ерекше көңіл бөлген қажет.

6.1.7 Жағдайға байланысты келесі төтенше әсер етулер мен жағдайлар ескерілуі тиіс, салдарынан:

- жарылу;
- автомобиль соққысы;
- жер сілкінуі;
- өрттегі жүктеме.

6.1.8 [3.5(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4] Сұйықтық сақталатын сұйыққоймалардағы жүктемелер ең жоғарғы толтыру деңгейіне және толтыру үдерісіне лайықты анықталуы тиіс.

6.1.9 Егер жұмыс күйіндегі сұйықтық деңгей ең жоғарғы толтыру күйіндегі деңгейден айырмашылығы болса, онда ол қосымша төтенше есеп жағдайына сәйкес ескерілуі қажет.

### **6.2 Қатерлішектік күйлер**

6.2.1 [6.4.1(1)Р ҚР ҚН EN 1990] Сұйыққоймаларды жобалауда келесі қатерлі шектік күйлерді тексеру қажет :

а) STR: табанның және құрылыс материалдарының беріктігі болып анықталатын, ішкі себептерге байланысты тоқтап қалуы немесе ғимараттың тым артық деформацияларының немесе олардың конструктивті элементтерінен, іргетас, қада, үй асты қабырғалары т.б.;

б) GEO: топырақтың беріктігі немесе жыныс формациясы болып анықталатын, табынның шектен көп деформациялары немесе тоқтап қалуы;

6.2.2 [6.4.2(2)Р ҚР ҚН EN 1990] Әсер етудің есептік мәні осы нормативтік-техникалық құралдың Б қосымшасында тараған.

### 6.3 Көтергіш қабілеттігін тексеру

[6.4.2(3)Р ҚР ҚН EN 1990] Элемент, секция немесе (STR и/или GEO) бірігуінде тым артық деформациясымен немесе бұзылуымен байланысты шектік күйлерді қарастыруда тексерілуі керек:

$$E_d \leq R_d \quad (6.1)$$

ондағы  $E_d$  – әсер етудің тиімді есептік мәні, мысалы, бірнеше ішкі күштер мен моменттерді сипаттайтын ішкі күштер, моменттер немесе векторлар.

$R_d$  – сәйкес кедергінің есептік мәні.

ЕСКЕРТУ 1 STR и GEO әдістері туралы нақтылай осы нормативтік-техникалық құралдың Б Қосымшасында

ЕСКЕРТУ 2 (6.1)көрінісі барлық тексеріс жағдайларында қолданылмайды, мысалы, ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999 тиімділіктің екінші ретіндегі байланысты жағдайында

### 6.4 Әсер ету комбинациялары (шаршайтын құбылыстарға әкелетін әсер етуісіз)

#### 6.4.1 Жалпы ережелер

6.4.1.1[6.4.3.1(1)Р ҚР ҚН EN 1990]Әсер етудің тиімділік есептік мәнін ( $E_d$ ) біркелкі әсер етудің мәнін қиыстыра анықтау керек.

6.4.1.2 Әрбір әсер ету комбинациясына енгізу керек:

–ауыспалы әсер етулердің басым болуы;

–ерекше әсер ету.

6.4.1.3 Әрбір әсер ету комбинациясын 6.4.2–6.4.4сай қабылдау керек.

6.4.1.4 [6.4.3.1 (4)Р ҚР ҚН EN 1990]Тұрақты әсер етуді кеңістікте бөлуде ғимаратқа сезімді болған жағдайда, бұл әсер етудің қолайлы және қолайсыз бөліктері бөлекәсер етулер сияқты қарастырылады

ЕСКЕРТУ Бұл, тек, статикалы тепе-теңдік және ұқсас шектік күйлерге жарамды, 6.4.2(2) ҚР ҚН EN 1990 қара.

6.4.1.5 Бір әсер етудің бірнеше эффекті (салдары) толық талқыланбаған жағдайда, оның кез келген қолайлы жағдайының жеке коэффициенті азаюы мүмкін (мысалы, өзіндік салмағының июші моменті мен нормал күштері).

ЕСКЕРТУ Қосымша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999 көрсетілген.

6.4.1.6 Осыған сай жағдайларда салынған деформацияларды ескерген жөн.

ЕСКЕРТУ Қосымша нұсқауларды 5.1.2(4)Р ҚР ҚН EN 1990 жәнеҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999қара.

### 6.4.2 Тұрақты немесе ауыспалы есептік ситуациялардың әсер ету комбинациялары (негізгі комбинациялар)

6.4.2.1 Жалпы әсер ету эффекті келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

$$E_d = \gamma_{sd} E \{ \gamma_{G,j} G_{k,j}; \gamma_P P; \gamma_{Q,1} Q_{k,1}; \gamma_{q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \}; j \geq 1; i > 1 \quad (6.2)$$

6.4.2.2 Қарастырылатын әсер ету эффектінің комбинацияларына енгізу керек:

- ауыспалы әсер етулердің басым болуы есептік мәні;
- ауыспалы әсер етулердің есептік комбинация мәнін

$$E_d = E \{ \gamma_{G,j} G_{k,j}; \gamma_P P; \gamma_{Q,1} Q_{k,1}; \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \}; j \geq 1; i > 1 \quad (6.3)$$

6.4.2.3 Жақшадағы { } әсер етулердің комбинациясы (6.3) Формуласында келесі жағдайлармен көрсетілуі мүмкін:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} , \quad (6.4)$$

немесе, STR и GEO шектік күйлерге арналған альтернативті ретінде, бірден екі көрсеткіш ретінде қолайсыз күйде өткізіледі:

$$\left\{ \begin{array}{l} a) \sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \\ б) \sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} "+" \gamma_P P "+" \gamma_{Q,1} Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \end{array} \right. \quad (6.5)$$

ондағы, "+" – «үйлесуі керек»;

$\Sigma$  – «–дан құрамалы эффекті»;

$\xi$  – қолайсыз тұрақты әсер етуге арналған редукция коэффициенті  $G$ .

6.4.2.4 Егер әсер етулер мен олардың эффекті арасындағы байланыс сызықты емес болса, (6.2) немесе (6.3) көрсеткіштері тікелей қабылдануы керек, әсер етулер эффектінің салыстырмалы өсуінен әсер етулер шамасының үлкеюімен салыстырғанда (сондай-ақ ҚР ҚН EN 1990 6.3.2(4) қара).

### 6.4.3 Авариялы есептік ситуациялардағы әсер ету комбинациялары

6.4.3.1 Жалпы жағдайда әсер ету эффекті келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

$$E_d = E \{ G_{k,j}; P; A_d; (\psi_{1,1} \text{ или } \psi_{2,1}) Q_{k,1}; \psi_{2,i} Q_{k,i} \} \quad j \geq 1; i > 1. \quad (6.6)$$

6.4.3.2 Жақшадағы әсер етулердің комбинациясы келесі жағдайлармен көрсетілуі мүмкін:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} "+" P "+" A_d "+" (\psi_{1,1} \text{ или } \psi_{2,1}) Q_{k,1} "+" \sum_{i > 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} . \quad (6.7)$$

6.4.3.3  $\psi_{1,1} Q_{k,1}$  и  $\psi_{2,1} Q_{k,1}$  арасындағы таңдаулар қарастырылатын авариялы есептік ситуацияларға байланысты (соққы, өрт немесе авария жағдайынан кейінгі адамдар өмірін сақтап қалу).

ЕСКЕРТУ Қосымша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1991 – ҚР ҚН EN 1999 көрсетілген.

6.4.3.4 Авариялы есептік ситуацияларына арналған әсер ету комбинацияларында болуы тиіс:

- $A$  нақты авариялы әсер ету (өрт немесе соққы);
- ( $A = 0$ ) авариядан кейінгі әсер ету ситуацияларына жатады.

Өртке қауіпті жағдайларға арналған, материал қасиеттеріне температура эффектісінің әсерінен басқа,  $A_d$  параметрі өрттегі жылу әсер етуінің жанама эффектісінің есептік мәнін ескерген жөн.

#### 6.4.4 Есептік ситуацияларға арналған сейсмикалық әсер ету комбинациялары

6.4.4.1 Қарастырылатын есептік ситуацияларға арналған әсер ету эффектісі келесі түрде көрсетілуі тиіс:

$$E_d = E \{ G_{k,j} ; P ; A_{Ed} ; (\psi_{2,i} Q_{k,i}) \} \quad j \geq 1; i > 1. \quad (6.8)$$

6.4.4.2 Жақшадағы әсер етулердің комбинациясы келесі жағдайлармен көрсетілуі мүмкін:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} "+" P "+" A_{Ed} "+" \sum_{i > 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} . \quad (6.9)$$

#### 6.4.5 Әсер етулер және әсер ету комбинацияларына арналған жеке коэффициенттер

6.4.5.1  $\gamma$  и  $\psi$  коэффициенттер мәндерін ҚР ҚН EN 1990 А1 қосымшасынан ҚР ҚН EN 1991 сай қабылдауы керек.



#### 6.4.6 Материалдар мен бұйымдарға арналған жеке коэффициенттер

6.4.6.1 Материалдар мен бұйымдарға арналған жеке коэффициенттер ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999 Еврокодтарында келтірілген.

#### 6.5 Жарамды пайдалану бойынша шектік күйлер

##### 6.5.1 Тексерулер

Дәлелдеу керек:

$$E_d \leq C_d, \quad (6.10)$$

ондағы  $C_d$  –жарамды пайдалану критерийінің шектік есептік мәні;

$E_d$  – жарамды пайдалану критерийінде ескерілетін әсер етулердің комбинациясынан алынатын эффектін есептік мәні.

##### 6.5.2 Жарамды пайдалану критерийлері

Жарамды пайдаланумен қамтамасыз ету бойынша талаптарды тексеруде көңілге қабылданатын деформацияларды 10бөліміндегі нұсқаулықтарға сай қабылданады.

##### 6.5.3 Әсер ету комбинациялары

6.5.3.1 Қарастырылатын есептік ситуацияларда ескерілетін әсер ету комбинациялары жұмысқа қабілеттілік критерияларына жәнежарамды пайдалануталаптарына сай келістірілуі тиіс.

6.5.3.2 Жарамды пайдалану бойынша шектік күйлер үшін әсер ету комбинациялары келесі жолдармен анықталады (6.5.4. қара):

ЕСКЕРТУ Бұл көрсеткіштерде барлық жеке коэффициенттері бірге тең етіп жорамалданады. ҚР ҚН EN 1991 – ҚР ҚН EN 1999 Еврокоды А қосымшасын қара.

а) Сипаттамалы комбинация:

$$E_d = E\{G_{k,j}; P; Q_{k,1}; \psi_{0,i} Q_{k,i}\} \quad j \geq 1; i > 1, \quad (6.11)$$

сондағы,  $\{ \}$  жақшадағы әсер етулердің комбинациясының (сипаттамалы комбинация деп аталатын) түрі:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \psi_{0,i} Q_{k,i}. \quad (6.12)$$

ЕСКЕРТУ Сипаттамалы комбинация, ереже бойынша, кері айналмайтын шектік күйлер үшін қабылданады.

б) Жиі комбинация:

$$E_d = E \{ G_{k,j}; P; \psi_{1,i} Q_{k,1}; \psi_{2,i} Q_{k,i} \} \quad j \geq 1; i > 1, \quad (6.13)$$

ондағы жақшадағы әсер етулердің комбинациясы келесі жағдайлармен көрсетілуі мүмкін:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \sum_{i \geq 1} \psi_{1,i} Q_{k,1} + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}. \quad (6.14)$$

ЕСКЕРТУ Жиікомбинация, ереже бойынша, кері айналмайтын шектік күйлер үшін қабылданады.

с) Квазитұрақтыкомбинация:

$$E_d = E \{ G_{k,j}; P; \psi_{2,i} Q_{k,i} \} \quad j \geq 1; i > 1, \quad (6.15)$$

ондағы жақшадағы әсер етулердің комбинациясын (квазитұрақты комбинация деп аталанады) келесі жағдайлармен көрсетілуі мүмкін:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}. \quad (6.16)$$

ЕСКЕРТУ Квазитұрақтыкомбинация, ереже бойынша, ғимараттың сыртқы түрін бағалауда және ұзақ эффектiлердi есептеу үшін қолданылады.

6.5.3.3 ( $P_k$  или  $P_m$ ) алдын ала кернеуленген репрезентативті мәндері қарастырылатын алдын ала кернеуленген түрлеріне арналған Еврокодтарға сай көрсетілген.

6.5.3.4 [6.5.3(4)Р ҚР ҚН EN 1990]Берілген деформацияларға байланысты әсер ету эффектiлерiн тек қажеттi жағдайда ғана қарастыру керек.

ЕСКЕРТУ Көрсеткіштер(6.11) және (6.15) кейбір жағдайда нақтылаудықажет етеді. Осындай нақтылауларды жүзеге асыру бойынша басшылық ҚР ҚН EN 1991 – ҚР ҚН EN 1999 бөлімдерінде сай көрсетілген.

6.5.3.5 Пайдалы жүктемелер және қар жүктемелері бір уақытта тағайындалуы керек.

6.5.3.6 Сейсмикалық жүктемелер байқалатын толтыру кезінде қарастырылмауы керек.

6.5.3.7 Авариялыжүктемелер байқалатын толтыру кезінде қарастырылмауы керек, бірақ ҚР ҚН EN 1990 бойынша төтенше жүктемелердің құрамалы ережелерін ескеру керек.

#### 6.5.4 Материалдарға арналған жеке коэффициенттер

6.5.4.1 Материалдарға арналған  $\gamma_M$  жеке коэффициенттер пайдалану жарамдығы бойынша шектік күйлер үшін 1,0 тең етіп қабылдануы тиіс, егер ҚР ҚН EN 1992 – ҚР ҚН EN 1999 Еврокодтарында олардың басқа мәндері берілмесе.

#### 6.5.5 Әсер етулер және жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициенті

6.5.5.1 [В.3(1)Р ҚР ҚН EN 1991–4]б. 5.3.1–5.3.14 әсер етулер үшін ҚР ҚН EN 1990 бойынша жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициенті қолданылуы тиіс.

6.5.5.2 Тәртіп (5.3.1.1б.)  $\gamma_F = 1,2$ . үшін сұйық жақтарындағы жүктемелерге арналған жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициенті тағайындауы ұсынылады.

6.5.5.3 (5.3.1.2б.)  $\gamma_F = 1,0$  толтыру үдерісіндесұйық жақтарындағы жүктемелерге арналған жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициенті тағайындауы ұсынылады.

6.5.5.4 Төтенше әсер етулердің есептік ситуациялары үшін ауыспалы әсер етулерде жарым–жартылай қауіпсіздік коэффициентін  $\gamma_F = 1,0$  тағайындауы ұсынылады.

#### 6.6 Жарылыстарды есептеу қағидалары

6.6.1 Сұйыққоймаларда сақталатын сұйықтар жарылысқа бейім болуы мүмкін, сол себепті потенциалдық зақымдалулар шектелуі керек немесе келесі шаралармен тоқтатылуы тиіс:

- қысымның компенсация бетінің жеткілікті орналасуы;
- жарылысты басу жүйесінің ыңғайлы орналасуы;
- жарылыс толқынының қысымын қабылдайтын құрылымның өлшемдерін анықтайтын есеп.

**7 МАТЕРИАЛДАР****7.1 Бетон****7.1.1 Жалпы ережелер**

7.1.1.1 Осы нормативтік-техникалық құралдың талаптарына сай жобаланған бетон және темірбетон конструкциялары үшін  $2200 \text{ кг/м}^3$ –  $2500 \text{ кг/м}^3$  аралығындағы орташа тығыздығы болатын конструкциялық қалыпты бетонды қарастыруы қажет. Бетон түрін және оның техникалық бақылайтын сапа көрсеткіштерін стандартқа сай бетон, темірбетон және алдын ала кернеуленген темірбетон конструкцияларына қойылатын талаптарына сай тағайындау керек.

7.1.1.2 Жобалауда тағайындалатын бетон сапасының негізгі көрсеткіштеріне жатады:

- Ссығылудағы беріктік бойынша бетон класы;
- *Фаязға* төзімділік бойынша марка (құбылмалы еріту және қатыруға шалдығатын

конструкцияларға тағайындалады);

- *W* су өткізбеушілік бойынша марка (өткізбеушілік талаптарына қойылатын конструкцияларға арнап тағайындалады);

7.1.1.3 Сұйыққоймаларды жобалауда бетон қасиетіне әсер ететін температураны ескеру қажет.

ЕСКЕРТУ Бетон қасиетіне әсер ететін температура бойынша қосымша ақпарат анықтамалар қосымшасында келтірілген.

**7.1.2 Сығудағы беріктік бойынша бетондар класы, оларға сай сипаттамалы және сепетеу кедергілері**

7.1.2.1 Бетон және темірбетон конструкцияларын жобалау кезеңінде ҚР СТ EN 206-1 бойынша конструкциялы бетондарды сығудағы беріктік бойынша келесі кластарды қабылдау керек: *C8/10; C12/15; C16/20; C20/25; C25/30; C30/37; C35/45; C40/50; C45/55; C50/60; C60/75; C70/85; C80/95; C90/105*;

Конструкцияларды оптимизациялауда цемент шығынына байланысты сығудағы беріктік бойынша аралық класты бетонды қолдану рұқсат етіледі.

7.1.2.2 Сығудағы беріктік бойынша бетондар класы – өте қажетті топтастыру көрсеткіші – қабылдауға ұсынылады:

- а) ауыр бетоннан темірбетон элементтерін есептеуде бірнеше рет қайталанатын әсер етулер үшін – *C12/15* төмен емес;
- б) қатты жүктелген темірбетонның сығылатын өзекті элементтері үшін – *C20/25* төмен емес (мысалы, едәуір кран жүктемелеріндегі өндірістік ғимараттарының ұстымдары үшін, көп қабатты ғимараттардың төменгі қабаттарының ұстымдары үшін);
- в) ұсақ түйіршікті және ауыр бетоннан темірбетонның сығылатын өзекті элементтері үшін – *C12/15* төмен емес;
- г) иілетін элементтер үшін – *C12/15* төмен емес (алдын ала кернеуленуісіз).

7.1.2.3 Бетонның алдын ала берілетін класы мен маркасын бетон қоспасының құрамын сұрыптауға сай бақылау үлгілерін міндетті түрде сынау арқылы анықтайды. Темірбетон маңызына байланысты, бетон сығылуға жұмыс істеу керек. Бетон сығылуының жоғарғы кедергісі – оның қасиетінің бағалығы.

7.1.2.4 Бетон және темірбетон конструкцияларын есептеуде бетонның базалық беріктік сипатамасын қолданады:

- $f_{ck}$  осьтік сығылудағы бетонның сипатамалық кедергісі;
- $f_{ctk}$  осьтік созылудағы бетонның сипатамалық кедергісі;

$f_{ctk}$  осьтік созылудағы бетонның сипатамалық кедергісін стандарттарға сай сынау жолымен анықтау қажет, инженерлік есептеулер үшін сығылудағы бетон беріктігі бойынша анықталады.

7.1.2.5 Құрама, тұтасқұйма және құрама – тұтасқұйма темірбетон конструкцияларын жобалауда конструкцияларды дайындаудың сипатты кезеңіне сәйкес сығылудағы бетон беріктігін қосымша көрсету керек (мысалы, қалыпты бұзылу беріктігі, жасыту беріктігі).

7.1.2.6 Сығылудағы бетонның орташа беріктігін  $f_{cm}(t)$ , стандартты сақтау шарттарында шаққа, тәулік, байланысты формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$f_{cm}(t) = \beta_{cc}(t) \cdot f_{cm} \quad (7.1)$$

Темірбетон элементтерін жылумен өңдеуде сығылудағы бетонның орташа беріктігін  $t$  шаққа, тәулік,  $f_{cm}(t)$  байланысты формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$f_{cm}(t) = f_{cmp} + (f_{cm} - f_{cmp}) \cdot \frac{\log(t - t_p + 1)}{\log(28 - t_p + 1)} \quad (7.2)$$

(7.1) формуладағы  $\beta_{cc}(t)$  коэффициент мәнін (7.3) формула бойынша есептейді:

$$\beta_{cc}(t) = \exp\left[0,25\left(1 - \sqrt{28t_1/t}\right)\right] \quad (7.3)$$

(7.1), (7.2) және (7.3) формулаларда

$f_{cm}(t)$  – ( $> 28$  тәулік) шақта сығылудағы бетонның орташа беріктігі;

$f_{cmp}$  –  $t_p < t$  ақыт кезеңіндегі жылумен өңдеуден кейінгі сығылудағы бетонның орташа беріктігі;

$f_{cm}$  – ( $> 28$  тәулік) шақта сығылудағы бетонның орташа стандартты беріктік, 7.1 кестемен қабылданады;

$t$  – ( $> 28$  тәулік) бетон шағы;

$t_1 = 1$  тәулік;  $t_p$  – жылумен өңдеу аяқталғаннан кейінгі, тәулік, бетонның шағы.

$t > 28$  тәулік шақта осьтік созылудағы бетонның орташа беріктігі (7.1) және (7.2) формула бойынша сығылудағы беріктік сияқты анықталады. 28 тәулік шақта сығылудағы бетонның орташа беріктігі орнына формулаға 28 тәулік шақта осьтік созылудағы бетонның

орташа беріктігін қояды, егер шартта конструкциялардың алғашқы ылғалдық сақталуы 7 тәуліктен аспаса.

7.1.2.7 Беріктік бойынша 7.1.2.1 б. көрсетілген сығылудағы бетонның нормал кластарына сәйкес 7.1 кестеде осьтік сығылудағы және осьтік созылудағы бетонның сипатамалық кедергісі, сондай-ақ оның осьтік сығылудағы және осьтік созылудағы орташа беріктік мәні көрсетілген.

7.1.2.8 Егер созылудағы бетонның беріктігі жағымсыз әсер қалдырса (мысалы, еріксіз күштердің әсер етуін есептеуде және т.б.), онда бетон және темірбетон конструкцияларын есептеуде  $f_{ctk,0,95}$  (созылудағы квантиль беріктігі 95% 7.1 кестесін қара) осьтік созылудағы бетонның сипатамалық кедергісін қабылдау қажет.

7.1.2.9  $f_{cd}$  сығылудағы және  $f_{ctd}$  созылудағы бетонның есептік кедергісін 7.4 формулада жазылғандай, бетонның сипатамалық кедергісін жеке қауіпсіздік коэффициентіне бөлу жолымен алады:

$$f_{cd} = f_{ck} / \gamma_c, \quad (7.4)$$

Бетон бойынша жеке қауіпсіздік коэффициентін  $\gamma_c$  тең етіп қабылдайды:

- а) арматураланбаған және темірбетон конструкциялары үшін көтергіш қабілеттілігі бойынша шектік күйі бойынша есептеуде – 1,5
- б) жарамды пайдалануда шектік күйі бойынша – 1,0

### 7.1.3 Серпімді деформациялар

7.1.3.1 Бетон үшін серпімді пластикалық материал сияқты кернеулер мен сызықты байланыстағы деформациялар тек толық деформацияның бөлігін құрастырады.

Бетонның серпімді деформациялары оның түріне, класына және дайындаудағы технологиялық ерекшеліктеріне, ыңғайлы төсеу бойынша бетон қоспасының маркасына байланысты болады. Осы нормативтік-техникалық құрал бетонның серпімді деформацияларын сипаттайтын келесі базалық көрсеткіштерді тағайындайды:

- $E_{cm}$  (координат басынан  $\gamma$  кернеуі бар диаграммадағы нүкте арқылы  $tag$  көлбеу бұрышын қиын өтуімен анықталады) бетонның серпімді модулі.

$E_{cm}$  уақытында бетонның серпімді модулінің өзгерілуі беріктік сипаттарына байланысты формула бойынша анықталуы мүмкін

$$E_{cm}(t) = E_{cm} \cdot \left( \frac{f_{cm}(t)}{f_{cm}} \right)^{0,3}, \quad (7.5)$$

ондағы  $E_{cm}, f_{cm}$  – 28 тәулік шақта бетонның серпімді модулі және орташа беріктігі.  $f_{cm}(t)$  и  $f_{cm}$  өзара байланысы 7.1 формуласымен анықталған.

- Пуассон коэффициенті  $\nu_c = 0,20$ ;
- сызықты температуралы кеңейту коэффициенті дұрыс мәлімет болмаған кезде  $\alpha_t = 1 \cdot 10^{-5} (1/^\circ\text{C})$  тең болып алынады.

#### 7.1.4 Шөгу және жылжып жайылу

7.1.4.1 Бетон және темірбетон конструкцияларын есептеу уақытындағы бетон қасиеттерінің өзгерілуін есепке алу керек, сондай-ақ ұзақ үдерістердің дамуына байланысты күштерді, кернеу мен жылжуын есепке алу керек. Темірбетон конструкцияларын есептеуде шөгу мен жылжып жайылудың сипаттамалы шектік мәндерін пайдалу рұқсат етіледі.

7.1.4.2 Бетонның жылжып жайылу деформациясы  $\varepsilon_{cc}(\infty, t_0)$  T уақыты үшін сығылудағы тұрақты кернеудегі бетонның  $t = \infty$  шақта қойылған  $t_0$  тең:

$$\varepsilon_{cc}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \cdot \frac{\sigma_c}{E_{c0}} \quad (7.6)$$

Бетон  $\varphi(\infty, t_0)$  үшін жылжып жайылу коэффициентінің шектік мәні 7.1 суретте келтірілген график бойынша қабылдауға рұқсат етіледі.

Бетон  $\varphi(\infty, t_0)$  үшін жылжып жайылу коэффициентінің шектік мәні 7.1 суретте келтірілген графиктен алынған  $0,45f_{cm}(t_0)$  аспайтын бетондағы сығылатын кернеу деңгейі  $t_0$  уақыт кезеңіндегі бірінші толтыра салуда есептік жағдайда қолданады. Егер сығылатын кернеулер  $\varphi(\infty, t_0)$  уақыт кезеңінде  $0,45f_{cm}(t_0)$  асса, 7.1 суретте келтірілген графикке байланысты алынған жылжып жайылу коэффициентінің модификация мәнін орындау керек, сызықтық емес жылжып жайылуды есепке ала отырып.

$$\varphi_{nl}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \cdot \exp[1,5 - (k_\sigma - 0,45)], \quad (7.7)$$

ондағы  $\varphi_{nl}(\infty, t_0)$  – жылжып жайылудың сызықтық емес коэффициентінің модификациялау шектік мәні;

$k_\sigma$  – жүктеу деңгейіне байланысты коэффициент  $\sigma_c/f_{cm}(t_0)$  (уақыт аралығында бетондағы сығылатын кернеу  $\sigma_c$ );

$f_{cm}(t_0)$  –  $t_0$  шақта сығылудағы бетонның орташа беріктігі, 6.2.7 б сай анықталады.

7.1.4.3 Темірбетон конструкцияларын есептеуде температураның мерзімдік тербеліс шартында – 25°C-тан 40°C-қа және салыстырмалы ылғалдығы RH 20-дан 100-ге, бетонның жылжып жайылу коэффициентінің шектік мәнін 7.1 суретте келтірілген графикалық байланыстары бойынша қабылдауға болады.

7.1.4.4 Бетонның жылжып жайылу коэффициентінің шектік мәнін 7.1 суретте келтірілген графикалық байланыстары бойынша тағайындалған C55/67 аспайтын сығылу беріктігі бойынша бетон кластары үшін ыңғайлы төсеуі бойынша C55/67 маркасы бар қоспалар үшін қолдануы мүмкін. Ыңғайлы төсеуі бойынша басқа маркалы бетон қоспалары үшін 7.1 суретте келтірілген графикалық байланыстарынан алынған жылжып жайылу коэффициентінің мәнін  $\varphi(\infty, t_0)$  түзету коэффициентіне 1,2 көбейту керек.

## 7.1 кестесі– Нормал бетонның беріктік және деформативті сипаттамалары

Сипаттамалар, өлшем бірліктері	Сығылудағы беріктік бойынша бетон класы														
	C8/10	C12/15	C16/20	C20/25	C25/30	C30/37	C35/45	C40/50	C45/55	C50/60	C55/67	C60/75	C70/85	C80/95	C90/105
$f_{ck}, \text{МПа}$	8	12	16	20	25	30	35	40	45	50	55	60	70	80	90
$f_c^G, \text{cube}, \text{МПа}$	10	15	20	25	30	37	45	50	55	60	67	75	85	95	105
$f_{cm}, \text{МПа}$	16	20	24	28	33	38	43	48	53	58	63	68	78	88	98
$f_{cmp}, \text{МПа}$	1,2	1,6	1,9	2,2	2,6	2,9	3,2	3,5	3,8	4,1	4,2	4,4	4,6	4,8	5,0
$f_{ctk,0,05}, \text{МПа}$	0,85	1,1	1,3	1,5	1,8	2,0	2,2	2,5	2,7	2,9	3,0	3,1	3,2	3,4	3,5
$f_{ctk,0,95}, \text{МПа}$	1,55	2,0	2,5	2,9	3,3	3,8	4,2	4,6	4,9	5,3	5,5	5,7	6,0	6,3	6,8
$\varepsilon_{c1}, \text{‰}$	-1,7	-1,8	-1,9	-2,0	-2,1	-2,2	-2,25	-2,3	-2,4	-2,45	-2,5	-2,6	-2,7	-2,8	-2,8
$\varepsilon_{cu1}, \text{‰}$	-3,5										-3,2	-3,0	-2,8	-2,8	-2,8
$\varepsilon_{c2}, \text{‰}$	-2,0										-2,2	-2,3	-2,4	-2,5	-2,6
$\varepsilon_{cu2}, \text{‰}$	-3,5										-3,1	-2,9	-2,7	-2,6	-2,6
$n$	2,0										1,75	1,60	1,45	1,40	1,40
$\varepsilon_{c3}, \text{‰}$	-1,75										-1,8	-1,9	-2,0	-2,2	-2,3
$\varepsilon_{cu3}, \text{‰}$	-3,5										-3,1	-2,9	-2,7	-2,6	-2,6



## 7.1.4.5 Бетонның шөгу маркасын формула бойынша анықтау керек

$$\varepsilon_{cs} = \varepsilon_{cd} + \varepsilon_{ca} \quad (7.8)$$

ондағы  $\varepsilon_{cd}$  – бетонның шөгу бөлігі, ылғалдылықтың буланып шығуынан;

$\varepsilon_{ca,s}$  – шөгу бөлігі, бетонды қатайту үдерісімен болған.

Бетонның шөгу шамасы келесі формуламен анықталады:

$$\varepsilon_{cd}(t) = \beta_{ds}(t, t_s) \varepsilon_{cd,\infty} \quad (7.9)$$

ондағы  $\varepsilon_{cd,\infty}$  – шөгу бөлігінің шектік шамасы, 7.2 кестесі бойынша анықталуы рұқсат етіледі;

$\beta_{ds}(t, t_s)$  – уақытта бетон шөгуінің даму функциясы, формула бойынша анықталады:

$$\beta_{ds}(t, t_0) = \frac{(t - t_s)}{(t - t_s) + 0.04 \sqrt{h_0^3}} \quad (7.10)$$

$t$  – шөгу бөлігінің шамасын есептеуге арналған бетон шағы;

$t_s$  – бетонның ылғалды сақтау мерзімінің аяқталуындағы бетон шағы;

$h_0$  – көлденең қиманың келтірілген өлшемі, мм,  $h_0 = 2A_c/u$ ;

$A_c, u$  – элементтің көлденең қимасының периметрі мен ауданы, мм;

$h_1 = 100$  мм;  $t_1$  – 1 тәулікте .

7.2 кестесі бойынша бетон шөгу бөлігінің аралық мәнін  $\varepsilon_{cd,\infty}$  анықтауда сызықты интерполяция рұқсат етіледі

7.1.4.6 Егер ( $>50^\circ\text{C}$ ) жоғары температура кезеңінде элементтер әсер етуге шалдығатын болса, онда жылжып жайылу сипаттамасы едәуір өзгереді. Егер де бұл маңызды болса, онда, ереже бойынша, зерттелетін іс-қимыл шарттарын анықтау үшін мәліметтерді алу қажет.

7.1.4.7 Бетонның шөгу шамасы  $\varepsilon_{ca}(t)$  бетонның қатаю үдерісімен болған формула бойынша анықталады,  $t$  – уақыт, тәулік

$$\varepsilon_{ca}(t) = \beta_{as}(t) \cdot e_{ca}(\infty), \quad (7.11)$$

ондағы

$$e_{ca}(\infty) = 2,5(f_{ck} - 10) \times 10^{-6}, \quad (7.12)$$

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2t^{0.5}) \quad (7.13)$$

**7.2 кестесі –  $\varepsilon_{cd,0}$ , % бетонның шөгу бөлігінің шектік мәні**

$f_{ck}/f_{c, cube}^G$	$\varepsilon_{cd,s,\infty}$ салыстырмалы ылғылдықта RH, %					
	20	40	60	80	90	100
20/25 және аз	–0,75	–0,70	–0,59	–0,20	–0,20	0,12
40/50	–0,60	–0,56	–0,47	–0,29	–0,16	0,10
60/75	–0,48	–0,45	–0,38	–0,24	–0,13	0,08
80/95	–0,39	–0,36	–0,30	–0,19	–0,11	0,06
90/105	–0,35	–0,33	–0,27	–0,17	0,06	0,06

ЕСКЕРТУ «плюс» белгісі бетонның ісінуін білдіреді.

**7.1.5 Гидратация салдарынан температура тәртібінің өзгеруі және жылу бөлуі**


Егер құрылыс кезеңдегі шарттарды маңызды деп есептесе, онда нақты цемент үшін жылуды бөлу сипаттамасын ереже бойынша, сынаудан алады. Нақты жылу бөлуді элементтің ерте қызмет мерзімінің үдерісінің болжауын ескере анықтайды (мысалы, ұстау, қоршаған ортаның шарттары). Температураның ең жоғарғы көтерілуі және құйғаннан кейінгі болған уақытты қоспа құрамынан, қалыптың қасиеттерінен, қоршаған ортаның шарттарынан және шекара шарттарынан анықтайды.

**7.2 Арматуралы болат****7.2.1 Қолданылатын арматура кластары**

Темірбетон конструкцияларының кернеуленбеген арматура ретінде St400 и St500 клас арматураларын қабалдау керек. Арматура өндірісі әдісі бойынша ыстық жәміштелген, термомеханикалы беріктендірілген және суықтай деформациялы болады. Арматураның механикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар стандартқа сай уақыт белгілейді. Кернеуленбеген арматура ретінде Г қосымшада көрсетілген сым кластары мен өзектің кескінін қабылдауға рұқсат етіледі.

**7.2.2 Қасиеттері**

Арматуралы болат үшін  $-40^{\circ}\text{C}+100^{\circ}\text{C}$  (егер арнайы зерттеулер жүргізілмесе) арасында температура әсерінен бұзылған ҚР ҚН EN 1992–1–1, 3.2.2 б. сілтемеге негізделеді. Өте жоғары температура үшін мәліметтер 3.2.3 ҚР ҚН EN 1992–1–2 көрсетілген.  $20^{\circ}\text{C}$  температурадан жоғары жағдайда кернеуді төмендету үшін 10.3.2.2 в ҚР ҚН EN 1992–1–2 қараңыз.



**Сурет 7.1 –  $\varphi(\infty, t_0)$  бетонның жылжып жайылу коэффициентінің шектік мәнін анықтауға арналған номограммалар**

### 7.3 Кернеуленген арматура

#### 7.3.1 Алдан ала кернеуленген болат

7.3.1.1 [3.3.1(1)РҚР ҚН EN 1992–1–1] Осы бөлім темірбетон конструкцияларында кернеулі элемент ретінде қолданатын сымдар, өзектер, арқандарға таралады

7.3.1.2 [3.3.1 (2)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Кернеулі элемент кернеуленген күйде коррозиялы жарылуға шалдығуы жеткілікті төмен деңгейде болуы керек.

7.3.1.3 Кернеуленген күйде коррозиялы жарылуға шалдығу деңгейі төмен болып есептеледі, егер кернеулі элементтер ҚР ҚН EN 10138 немесе Еуропа техникалық сертификаттарына сайтағайындалған критерийлеріне жауап берсе.

7.3.1.4 Кернеулі элементтер қасиеттерінің талаптары конструкцияда соңғы жай–күйінде орналасқан материалдарға кең тарайды. Егер өндіріс әдісі, сынау және кернеулі элементтерге сай туралы куәлік ҚР ҚН EN 10138 немесе Еуропа техникалық сертификаттарына сайкелтірілген болса, онда нақтыЕврокод талаптары орындалды деп қабылдауға болады

7.3.1.5 [3.3.1 (5)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] НақтыЕврокодқа сай болаттар үшін созылуда беріктіктің шектік күйінің сипаттамасы, 0,1 % біршама қалдық деформациядағы шартты аққыштық шегі және  $f_{pk}$ ,  $f_{p0,1k}$  и  $\varepsilon_{uk}$  сай белгіленетін ең жоғарғы жүктемеге жетудегі салыстырмалы деформациялар тағайындалған

ЕСКЕРТУ ҚР ҚН EN 10138 өнім сапасының тұрақты бақылау негізінде алынатын ең жоғарғы және ең төменгісипаттамаларына кең таралады. Керісінше,  $f_{p0,1k}$  и  $f_{pk}$  мәндері конструкцияда қолданатын кернеуленген болаттың созылудағы беріктік шегі және 0,1 % қалдық деформациясындағы шартты аққыштық шегінің сипаттамалы мәнін айқындайды. Екі топ арасындағы тура байланыс мәні болмайды. ҚР ҚН EN 10138 тағайындаған 0,1 %  $F_{p0,1k}$  қалдық деформация күштерінің сипаттамалы мәні  $S_n$ , көлденең қимасының ауданына бағалау әдәсімен бірге бөлінеді,  $f_{p0,1k}$  мәнін алу үшін мүмкіндікті растайды.

7.3.1.6 ҚР ҚН EN 10138 сай келмейтін басқа арматуралы болаттар қолдануда, олардың қасиеттері Еуропа техникалық сертификаттарына сайтағайындалады.

#### 7.3.2 Касиеттері

Арматура өрмелері үшін  $-40^{\circ}\text{C}$   $+100^{\circ}\text{C}$  (егер арнайы зерттеулер жүргізілмесе) арасында температура әсерінен бұзылған қатайған беріктігі мен кемуі кернеу шамасын «қалыпты температурадан» алады. Өте жоғары температура үшін мәліметтер 3.2.4 б ҚР ҚН EN 1992–1–2 көрсетілген.

## 8 ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

### 8.1 Темірбетон сұйыққоймаларының сипаттамасы және құрылыстық (конструктивті) шешімдері

8.1.1 Орналасуына байланысты сұйыққоймалар арынды (белсенді) және арынсыз (белсенсіз) деп бөлінеді, яғни сорғы арқылы су жүйеге ағады.


8.1.2 Тағайындалуы бойынша сұйыққоймалар тік байлауға, конструктивті ерекшелігі мен нысанға байланысты бөлінеді.

8.1.3 Сыйымды ғимараттар тағайындалуы бойынша су сақтауға арналған сұйыққоймалар және мұнайөнім мен мұнайды сақтауға арналған сұйыққоймалар.

8.1.4 Тік байлау бойынша сұйыққоймаларды жерасты, жартылайжабылған және жербеті етіп жобалайды (8.1 суретін қара).

8.1.5 Конструктивті ерекшелігіне байланысты сұйыққоймалар құрама, тұтасқұйма және құрама–тұтасқұйма темірбетоннан орнатылуы мүмкін.

8.1.6 Сұйыққоймалар және үлкен көлемді қалыптар технологиялық және технико–экономикалық есептеулермен анықталады. Темірбетон сұйыққоймалар негізінде цилиндр және тік бұрышты қалыпта жобаланады. Күрделі қалыпты сұйыққоймалар (сфералы, торалы, линза тәрізді қималары т.б.) ерекше жағдайда ғана жобаланады.



а – тереңделген ашық (тұндырғыш, араластырғыш, ине тығыздауыш, құмұстағыш, мұнайұстағыш); б – тереңделген жабық (суға арналған сұйыққойма, жылы және суық су қабылдайтын камера, көлденең тұндырғыш); в – жер үстіндегі ашық (сүзгілер, биосүзгілер, байланыс жарықтандырғыш)

**Сурет 8.1–Тікбайлауы бойынша сұйыққоймалардың түрлері**


8.1.7 Жоспарда сұйыққоймалардың кең тараған тік бұрышты, домалақ және сопақ қалыптар (8.2 а сурет).

8.1.8 Тағайындалуына байланысты сұйыққоймалар жабын және жабынсыз етіп жобаланады. Жабын құрама, жазық және кеңістік құрылымды қолдануымен орындалуы мүмкін (8.3 а сурет). Кеңістік тұтас темірбетон жыбыны материалдың шығыны бойынша экономды, бірақ көп еңбек сіңіруді керек қылады.

8.1.9 Сұйыққоймалар қабырғалары тік, қиғаш және дөңес орындалуы мүмкін (8.2. б сурет).

8.1.10 Түбі көп жағдайда тегіс етіп жобаланады. Егер сұйыққоймалар қабырғаларына қысымды төмендету қажет болса, онда түбін сфера, конус және призма тәріздес қалыпта орындайды (8.3 б сурет).

а)




б)




а – жоспардағы сұйыққоймалар нысандары; б – қабырға нұсқаулары

**Сурет 8.2 – Тік байлауы бойынша сұйыққоймалардың түрлері**

а)



б)



а – жабын нұсқаулары; б – түбінің нұсқаулары

**Сурет 8.3 – Сұйыққоймалардың конструктивті нысандары**

8.1.11 Сұйыққоймаларды жобалауда көтергіш элементтерінің түйін қосылысындағы құрылымды өңдеу қажетті элемент болып табылады. Қабылданған конструктивті қабырғаның жабын мен түбінің түйісу торап шешімдері ғимараттың тағайындалуын ескеруі тиіс және олардың нақты пайдалануын қамтамасыз ету.

8.1.12 Темірбетон сұйыққоймалардың мүмкіншілік конструктивті шешім түйіндері көрсетілген (8.4 және 8.5 суреттерін қара).

8.1.13 Сұйыққоймалар қабырғасының қатты немесе икемділік түйіс құрылғысы туралы шешімі тек статика бойынша ғана емес, сонымен қатар пайдалану–технологиялық түсінік бойынша қабылданады.

8.1.14 Сұйыққоймалар қабырғасын бос радиалды деформациямен қамтамасыз ету үшін, жабын мен түбінің түйісу қабырғаларын топсалы-жылжымалы икемді төсем (резеңке, неотренді және т.б.) қолдануымен жобалау ұсынылады. Осындай құрылым қабырғаның бүкіл биіктігі бойынша тірек элементтерге жақын жатқан аймақтарды тығыз қысудыске асырады.

8.1.15 Сұйыққоймалар габарит сұлбаларының негізгі параметрлерін бірыңғайлау масаты үшін, сұйыққоймалар жоспарда домалақ немесе тік бұрышты 3 м еселі, биіктігі 0,6 м мөлшерінде қабылдау ұсынылады. Ғимарат жақтарының ұзындығы мен диаметрі 9 м

кіші болған жағдайда, домалақ сұйыққоймалар үшін 1 м еселі, тік бұрышты сұйыққоймалар үшін 1,5 м қабылдану рұқсат етіледі.

Сұйыққоймалар бағанасы астындағы іргетас пен қабырға панеліесеп қорытындысы бойынша тағайындалады және қабылданады, типтісұйыққоймалар үшін бірыңғайлау құрама темірбетон бұйымдарының суөткізгіштік–канализациялы ғимараттар номенклатурасы бойынша қабылданады.

Су сақтауға арналған цилиндрлі сұйыққоймалар көлемі 8.1 кестесі бойынша 100-ден 6000 м<sup>3</sup> тең қабылданады. Өте үлкен көлемдер үшін жоспарда тік бұрышты сұйыққоймалар 8.2 кестесі бойынша пайдалану ұсынылады

### 8.1 кестесі– Суға арналған цилиндрлі сұйыққоймалардың бірыңғайланған параметрлері

Параметрлері	Сұйыққойма көлемі, м <sup>3</sup>							
	100	150	250	500	1000	2000	3000	6000
Диаметр, м	6,5	8	10	12	18	24	30	42
Биіктік, м	3,6	3,6	3,6	4,8	4,8	4,8	4,8	4,8

### 8.2 кестесі – Суға арналған тік бұрыштысұйыққоймалардың бірыңғайланған параметрлері

Параметрлері	Сұйыққойма көлемі, м <sup>3</sup>								
	100	250	500	1000	2000	3000	6000	10000	20000
Жоспардағы өлшемдер, м	6×6	6×12	12×12	12×18	18×24	24×30	36×36	48×48	66×66
Биіктігі, м	3,6	3,6	3,6	4,8	4,8	4,8	4,8	4,8	4,8


8.1.16 Сұйыққоймалардың түбі мен қабырғалары үшін C12/15...C30/37 класты бетон, суөткізбеушілік бойынша W4...W10 және аязғатөзімді F100...F200 маркалы бетон қолданады. Сұйыққоймаларды арматуралау үшін кернеулі емес St240, St400, St500 класты арматура, және алдын ала кернеуленген St500 арматуралар қолданады.

8.1.17 Ішетін суды сақтауға арналған темірбетонды сұйыққоймаларын жобалауда, келесі шаралар қарастыру керек:


- арнайы сүзгі арқылы сұйыққоймаларды желдету;
- сұйыққоймалардың жабынын, қабырғасын және түбін гидрооқшаулау;
- құрама және тұтасқұйма бетон мен темірбетон құрылымының қаяусыз және кеуектерсіз барлық ішкі жатық беттерін өңдеу. Құрама элементтері үшін бұл өңдеу зауыттарда жасалуы тиіс;
- сұйыққоймалардың герметикаландыру және суөткізбеушілік қасиетін көтеру үшін кеңею цемент бетонымен құрама құрылымның барлық түйісін біртұтастыру.

8.1.18 Диаметрі 4,5 – 24 м суға арналған типті отандық цилиндрлі сұйыққоймалардың габаритмөлшерлері мен конструктивті сұлбалары 8.6 суретте көрсетілген.

а)




б)




а – конструктивті шешім; б – есептік сұлбалар

**Сурет 8.4 – Темірбетон сұйыққоймалардың кеңістік конструкциялардың жабынымен қабырғаның жанасу түйіні**

а)



б)



а – конструктивті шешім; б – есептік сұлбалар

**Сурет 8.5 – Темірбетон сұйыққоймалардың түйіндері (қабырғаның түбімен бірігуі)**

8.1.19 Сумен жабдықтау жүйелерінде тазартқыш ғимараттар: сүзгілер, тұндырғыштар, мөлдірлеткіштер, аэротендер, флотаторлар т.б – цилиндрлі немесе призмалы қалыпта жобаланады (8.7 суретін қара).



8.1.20 Сыйымдылық ғимараттарының құрылысына арналған орынды таңдау, жер астындағы су деңгейі түбінің белгісінен 2 м төмен есебіменалынған біркелкі, шөкпеген, ісінбеген топырағы бар алаңшағаназар аударған дұрыс. 9 балдан жоғары сейсмикалық алаңшаларда сұйыққоймаларды тұрғызуға болмайды.

## **8.2 Цилиндрлі сұйыққоймалардың құрылымдары**

8.2.1 Цилиндрлі сұйыққоймалар тұтасқұйма және құрама темірбетоннан жобаланады. Аз сыйымды және бір рет пайдалануға арналған сұйыққоймаларды тұтасқұйма темірбетоннан тұрғызуға орынды.

8.2.2 Жоспарда дөңгелек сұйыққоймалар жабыны кеңістік, жазықтық және қиыстырылған болуы мүмкін. Сұйыққоймалар жабынының құрылымына арналаған тұтасқұйма темірбетоннан жасалған қабықша экономды болады, бірақ оларды тұрғызарда күрделі қалып қажет.

8.2.3 Тұтасқұймалы цилиндрлі сұйыққоймалар жазық арқалықсыз аражабынмен, капителібар бағаналармен, тегіс қабырғалар және жазық түбімен жобалау ұсынылады (8.8 суреті). Яғни арқалықсыз аражабын аз конструктивті биіктік және жатық бетті болғандықтан сұйықтық деңгейінен жоғары кеңістікті жақсы желдетуін қамтамасыз етеді.

8.2.4 Құрама цилиндрлі сұйыққоймалардың жабыны бағанаға тірелетін шеңберлі арқалықтары бойынша төселетін жазықтық немесе қырлы трапециялы тақтадан жасалады (8.9 сурет). Бағаналар сұйыққоймалар түбінде құрастырылған немесе тұтасқұйма түбінің құрылымында қарастырылған құрама іргетас стаканына (қабыршағына) орнатылады.

8.2.5 Цилиндрлі сұйыққоймалардың қабырғалары ұзындығы сұйыққоймалардың биіктігіне тең, ені 1,57 немесе 3,14 м құрама панелдерден жобаланады. Сұйыққоймалардың периметрі бойынша осындай енінде бүтін санды қатарлы тақта сияды және қосымша элементтерді қажет етпейді. Ашық және жабық цилиндрлі сұйыққоймалардың бөлшектер осі қабырғалардың ішкі қырларымен бірлеседі. Жинақтауда қабырға панелдері сұйыққоймалар түбінің периметрі бойынша екі шеңберлі қыр арасандағы ойыққа орнатылады (8.10 а сурет). Қабырға панелдерінің түбімен түйіндесуі қатты, яғни қабырғаның жылжуы және оның бұрылысы болмауы, немесе жылжымалы етіп жобаланады (8.10 б сурет). Қысып сығуда қабырғаларға бос жылжуды қамтамасыз ету үшін шеңберлі арматураны тартқанда ойық құйып бекітіледі. Қатайған арматура ретінде жоғарыберіктік сым, арқан және шыбық қолданылады. Шеңбер арматура тартылғаннан кейін оны жалпы қалыңдығы 25–30 мм бірнеше қабат торкрет-бетонмен жабады.


8.2.6 Диаметрі 9 м дейінгі цилиндрлі сұйыққоймаларды жобалауда панелдің ішкі және сыртқы беттері қисық сызықтық етіп қабылданады. Диаметрі 9 м жоғары болса, қабырға панелінің сыртқы беті қисық сызықтық және ішкі беті жазықтық етіп жобаланады.

8.2.7 Аз сыйымды сұйыққоймаларда қабырғаның жарықберіктігіалдын ала күштенусіз қамтамасыз етіледі. Диаметрі 9 м жоғары ғимараттардың қабырғалары, ереже бойынша, алдын ала қысып сығуменжобаланады. Алдан ала күйдіру St500 класты жоғары берік арматура сымынан қабырғаға бұратылуы арқылы орындалады немесе St500 класты өзекті арматурадан сақина орнатуда оларды электротермиялық әдіспен (өзекті арматураны

## ҚР НТҚ 02-03.1-2012


қолдану имараттардың диаметрі 30 м аспайтын жағдайда ұқсат етіледі) тартып орналастырады. Қабырғалардың алдын ала қысып сығуын панелдердің тік түйісін құйып бекітуден кейін жасалады.

8.2.8 Суға арналған типті цилиндрлі сұйыққоймалар техно-экономикалық көрсеткіштері 8.3 кестесінде көрсетілген.




Сурет 8.6– Суға арналған типті цилиндрлі сұйыққоймалардың конструктивті сұлбалары


а)



б)




в)




а – флотаторлар; б – екі қабатты тұндырғыштар;

в – жарықтандырғыш – асақыздырғыш

**Сурет 8.7 – Цилиндрлі тазартқыш ғимараттың конструктивті сұлбалары**




**Сурет 8.8 – Арқалықсыз жабыны бар цилиндрлі тұтасқұйма сұйыққоймасы**




1 –сақина арқалығы; 2 – периметр бойынша қырлары бар трапеция тәріздес тақталар  
**Сурет 8.9 – Цилиндрлісұйыққойманың құрама жабынының сұлбасы**

а)



б)



а – қатаң түйідесу; б – жылжымалы; 1 –торкрет–бетонқабаты; 2 – сақиналы кернеуленген арматура; 3 – қабырға аспап беті; 4 – түбі; 5 –ұсақ фракциялы қиыршықтаспенбетон; 6 –сылақты тегістейтін қабат; 7– битум мастикасы; 8 – асбестоцементті сылақ

**Сурет 8.10 –Қабырға аспап бетінің түбімен жанасу түйіні**

### 8.3 кестесі – Суға арналған типті цилиндрлі сұйыққойманың техникалық көрсеткіштері мен негізгі параметрлері

Сұйыққойма көлемі, м <sup>3</sup>	Өлшемдер, м		Ұстынның саны, дана.
	диаметрі	биіктігі	
100	6,6	3,6	1
200	9,28	3,6	4
250	10,3	3,6	4
500	12,3	4,8	4
1000	18,3	4,8	12
2000	24,3	4.8	21

ЕСКЕРТУ 1 Сұйыққойманың диаметрінің мәні қабырғаның сыртқы қырларына байланысты тағайындалады.  
 ЕСКЕРТУ 2 100 и 200 м<sup>3</sup>көлемді сұйыққоймалар үшін жоғары деңгейдегі топырақ суында құрылысүшін мәліметтер келтірілген.

### 8.3 Тік бұрышты сұйыққоймалардың құрылымдары

8.3.1 Тік бұрышты сұйыққоймалар  $6000 \text{ м}^3$  және одан жоғары көлем сыйымдылықтарына қолайлы, сондай-ақ бөлме ішіндегі сыйымдылық ғимараттарына арналған. Сұйыққоймалардың тік бұрышты қалыптары ғимараттарды жай және тұтас құрастыруға ыңғайлы.

8.3.2 Тік бұрышты сұйыққоймалардың түбін жазық етіп жобалайды, біраққабырға панелдеріне берілетін жүктеменің азаюы және ғимараттар көлемінің ұлғаюына байланысты түбі ішкі құламасымен орындалуы мүмкін.

8.3.3 Сұйыққоймалардың құйматұтас қабырға жабыны ереже бойынша қырлы  $6 \times 6 \text{ м}$  ұстынды қадамымен немесе арқалықсыз  $4 \times 4 \text{ м}$  ұстынды торымен (8.11 сурет). Биіктігі  $4 \text{ м}$  дейінгі құйматұтас қабырғалар тегіс етіп жобаланады, өте жоғары биіктікте – қатаңдық қырымен.

8.3.4 Құрама типті сұйыққоймаларда габарит өлшемдері бірыңғайланған, бұл көп қабатты өндіріс ғимараттарының тақта және беларқа жабындарын құрастыруға пайдаланады. Сұйыққоймалардың құрама жабындарытақталы–арқалық  $6 \times 6 \text{ м}$  ұстынды тормен және арқалықсыз  $4 \times 4 \text{ м}$  ұстынды  $6 \times 3 \text{ м}$  ұстынды тормен жобаланады.

Жабындардың бірінші жағдайында құрама тақталар беларқаға салынады және олармен арасына салатын бөлшектермен пісіру арқылы қосылады. Жабындардың (8.12 а сурет) беларқалары ұстынға және қабырға панелдеріне қондырылады. Екінші жағдайда қырлары бар тақталар контур бойынша бұрыштарға ұстындардың әсембағанына тіреледі (8.12 б сурет).

8.3.5 Қабырға панелдері әрбір құрама сұйыққоймалар үшін бір типті өлшемдер қабылданады: ұзындығы сұйыққоймалардың биіктігіне тең және ені  $3 \text{ м}$ . Элементтер салмағының төмендеуі үшін тақтаның ені  $1,5 \text{ м}$  етіп қабылдайды.

8.3.6 Типті сериялы тік бұрышты сұйыққоймаларда қабырға панелдері аспалы және арқалық типті етіп зерттеп дайындаған. Панель биіктігі  $600 \text{ мм}$  қабылдайды, арматуралау екі арматуралы жазық пісірілген тордан орындалады. Қабырға панелдері құраматұтас түбінің ойығына бітеледі. Бітеу мөлшері жұмыс арматурасының тік диаметріне байланысты және оны берік анкерлеумен қамтамасыз ету есебіне байланысты анықталады (8.13 сурет).

8.3.7 Қабырғаның бұрыш бөліктері құраматұтас үстеме тәріздес жобаланады немесе қосымша құрама элементтерінің қолдануымен жобаланады (8.14 сурет).

8.3.8 Сұйыққоймалардың кеңістік қатаңдығы бойлық бағытта бағанамен беларқа арасына салатын бөлшекті пісіруде пайда болған көпаралық рама жүйесі есебінен қамтамасыз етіледі, ал көлденең – бойлық қабырға мен беларқаға пісірілген тақта жабыны есебінен қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде екі көлденең дискіден (түбі және жабыны) және ішінде көпаралық рама орналасқан төрт тік диафрагмадан (сұйық қоймалардың қабырғалары) қатаң кеңістік блок пайда болады.

8.3.9 Тік бұрышты ашық сұйыққоймаларда бөлшектер осі ішкі қабырға мен ұстынның геометриялық осьтерімен қосарланады және сыртқы қабырғаның ішкі тік қырынан  $140 \text{ мм}$  болады (8.15 сурет). Жабық сыйымдықта бөлшектер осі ішкі қабырға мен ұстынның геометриялық осьтерімен қосарланады, ал сыртқы қабырғалардың байламы

## **ҚР НТҚ 02-03.1-2012**

қабырғаларға берік тірелген жабын элементтеріндегі жабынның конструктивті шешіміне баланысты жүзеге асады.

8.3.10 Жабынсыз арқалық қабырға панелдері бар сұйыққоймаларда 6 м сайын арқалық – керме тәріздес көлденең көлденең байланыс орнатылады. Қабырға панелдерімен біріккен керме түйіндерін қабырғалар ауданына сай келетін көлденең жүктемеге байланысты есептейді.

8.3.11 Көлденең күшті қабылдау үшін қабырға панелдерін жоғарыда және орта бөлігінде салынған бөлшектерге қысқа арматура пісіру арқылы біріктіреді (8.16 сурет).

8.3.12 Ұзын бойлықты сұйыққоймаларда 54 м сайын температура – шөгу жігі қарастырылады, 8.17 суретте оның құрылымы көрсетілген.

8.3.13 Тік бұрышты типті құрама темірбетон сұйыққоймалардың конструктивті шешімдері 8.18 суретінде көрсетілген, ал технико–экономикалық көрсеткіштер 8.4 кестеде келтірілген.

8.3.14 Құрама тақталар және беларқалар құрылымы жабын, ұстын және іргетастарын көп жағдайда типті темірбетон сұйыққоймалар үшін көп қабатты өндіріс ғимараттары құрылымының номенклатурасы бойынша қабылданады. Үлкен сыйымды 6×3 м ұстын торы бар тік бұрышты сұйыққоймалар үшін жарамайды. Бұл жағдайда жабын тақталарды қырлы, көлденең қыры 1000 мм қадамымен, бойлық қырының биіктігі өзгергіш: 500 мм – аралықта және 250 мм – тіректе.

### **8.4 Сұйыққоймаларды жобалау бойынша негізгі талаптар**

8.4.1 Жерасты және жерүсті сұйыққоймаларды жобалауда ҚР ҚН EN 1997 талаптарды ескеру керек

8.4.2 Сұйыққоймалардың жобаларында сақталатын сұйықтық пайдаланған кезеңде буланудан жоғалуын ең жоғарғы қысқартуды қарастыру қажетті, сондай-ақ қоршаған айналаны сақтау бойынша талаптарды орындау.


8.4.3 Жобалауда келесі типті сұйыққоймаларды қабылдау керек:

- жерүстінде сақтауға арналған – стационар және қалқыған шатыры бар цилиндрлі тік темірбетонды (понтонмен және понтонсыз);
- жерастында сақтауға арналған – темірбетонды (цилиндрлі, тік бұрышты).

ЕСКЕРТУ Сұйыққойманың тиімді көлемі понтон немесе қалқымалы шатыры бар сұйыққоймалар үшін қалқымалы конструкцияның төменгі жағынан ең жоғарғы көтерілуіне дейін және стационарлы шатыры бар сұйыққоймалар үшін толтырудың ең жоғарғы деңгейіне дейін түбінен сұйыққойманың биіктігіне көлденең қиманың көбейтіндісімен анықталады. 2 Сұйыққоймалар геометриялық көлемін қабырғаның биіктігін сұйыққойманың көлденең қимасының көбейтіндісімен анықталады.


8.4.4 Сұйыққоймалар типтеріне және сақталатын өнімге байланысты және технологиялық жобалау нормасына сәйкес, жобада қарастырылған, сұйыққоймалардың ішінде рұқсат етілген қысыммен қамтамасыз ететін қондырғылардың жабдықталуы тиіс.

8.4.5 Сұйыққоймалардың құрылымы оларды бояу және жөндеу кезінде сақталған өнім қалдығынан тазарту, желдету және газсыздандыруды қарастыру қажет.



а – қырлы жабындары бар нұсқа жоспар;  
б – сондай, арқалықсыз жабынмен

**Сурет 8.11 – Тік бұрышты тұтасқұйма сұйыққойма**




а – тақталы-арқалық жабыны бар нұсқаның жоспары;

б – сондай, арқалықсыз жабынмен

**Сурет 8.12 – Тік бұрышты құрамды сұйыққойма**







1 – құйып бекіту бетоны; 2 – сылақты тегістеу қабаты

**Сурет 8.13 – Қабырға аспап бетінің түбімен жанасу түйіні**

а)




б)




а – құрама элементтерін қолдануы; б – тұтасқұйма ендірімелері

**Сурет 8.14 – Сұйыққойма қабырғаларының бұрыштық телімдері**

а)



б)




в)




а – ашық сұйыққойма; б – жабық сұйыққойма;  
в – шікі арақабырға

**Сурет 8.15 – Бөлу осьтеріне сұйыққойма қабырғаларының байлауы**




а – арқалық типті қабырға; б – консоль типті қабырға; в – қабырға биіктігінің ортасында

**Сурет 8.16 – Өзарақабырға аспап беттерінің түйіндесуі**



а, б – қалған компенсаторлармен; в – резеңке үшжұдырықты кілтпен; 1 – торкрет-сылақ; 2 – асбестпен жабу; 3 – битум сіңген асбест өрмементолтыру; 4 – қалыңдығы 1...2 мм тоттанбайтан болат бетінен жасалған компенсатор; 5 – дайындама; 6 – құм; 7 – қарақағаз; 8 – бетонды дайындама; 9 – асфальт тақталар; 10 – резеңке үшжұдырықты кілт; 11 – ішкі қыр; 12 – қабырға; 13 – түбі

**Сурет 8.17 – Сұйыққойманың температура шөгу жіктерінің конструкциялары**



**Сурет 8.18 – Көлемі 12000 ... 20000 м<sup>3</sup>  
тік бұрышты типті темір бетон сұйыққоймалары**

8.4.6 Жабдықтарға қызмет көрсету үшін барлық сұйыққоймаларда стационарлы саты, ені 0,7 м, биіктігі 1 м төмен емес, барлық периметрі қоршалған алаңшалар мен өткелдер болуы тиіс.

8.4.7 Сұйыққоймаларда технологиялық, жарық, монтаж люктар (қақпақ), сондай-ақ (лаз) қуыс-қақпақтар болуы керек.

Понтоңдар немесе қалқыған шатыры бар сұйыққоймалар қабырғаларына төмен жағында орналасқан қалқыған құрылымға қызметкерлер жетуін қамтамасыз ететін өрмелейтін қақпақтар орналастыру керек.

Қуыс қақпақтарды сұйыққоймалар қабырғасына қуыс қақпақтарда байқайтын алаңшалармен өткел алаңшаларды біріктіретін сыртқы қабырғадан 6 м ара қашықтықта орналастыру қажет. Қуыс қақпақтар саны және оның типі жобамен анықталады.

8.4 кестесі – Суға арналған тік бұрышты типті сұйыққоймаларының техникалық көрсеткіштері мен негізгі параметрлері

Сұйыққойма көлемі, м <sup>3</sup>	Өлшемі, м			Ұстын торлары, м	Ұстын саны, дана.
	ені, В	ұзындығы, L	биіктігі, Н		
50	3	6	3,79	—	—
100	6	6	3,79	—	—
150	6	9	3,79	—	—
200	6	12	3,79	—	—
250	6	15	3,79	—	—
500	12	12	3,79	6×6	1
1000	12	24	3,79	6×6	3
1200	12	30	3,79	6×6	4
1400	18	18	4,84	6×6	4
2400	18	30	4,84	6×6	8
2500	24	24	4,84	6×6	9
12000	54	48	4,84	6×3	105
15000	54	60	4,84	6×3	133
20000	54	78	4,84	6×3	175

8.4.8 Қалқымалы шатырлы сұйыққоймалар қарлы жүктемесі 2 кПА(200 кг/м<sup>2</sup>) артпайтын аудандар құрылыстары үшін қолдану қажет.

8.4.9 Понтоны бар тіректі сақиналынемесе қалқымалы шатырлысұйыққоймалардыңжоғарғы қабырғасынан бастап ең жоғарғы деңгейдегі сұйықтыққа дейінгі арақашықтық 0,6 м кем болмауы қажет.

8.4.10 Понтон немесе экранның қалқымалығын понтонның пішіні және даярланатын материалдың көлемдік салмағынамен қамтамасыз ету қажет.

8.4.11 Қалқымалы шатырларда сұйыққоймалардан тыс жаққа қар және нөсер суын ағызып жіберу құрылғысы болуы керек.

8.4.12 Қалқымалы шатырлар, понтондар, және оларды бағыттайтындарда герметикаландыруды қамтамасыз ететін тығыздауыштар (бекітпе) болуы керек.

Жобада көрсетілген, белгілі температурада қатаятын, сұйықтыққа арналған тығыздауыштарда қабырғалардан қалқымалы шатырға немесе понтонға сұйықтықтың ағуын болдырмайтын құрылғы болуы керек.

8.4.13 Қалқымалы шатырлар немесе понтондар бар сұйыққоймаларда тығыздауыштарды герметикалық коэффициенті  $1,0 \cdot 10^{-5}$  м/ч кем, бекітпемен қорғамағанқалқымалы шатырлар немесе понтондар шетінен және сұйыққоймалар қабырғасы арасындағы ашық саңылау ауданымен салыстырғанда 70 %-дан 99 %-ға дейін шығынын қысқарту қамтамасыз етуді қабылдау қажет.

8.4.14Қалқымалы шатырлар және понтондардың тіректі болат тіреуіштерін сұйыққоймаларды пайдалану кезеңде қалқымалы конструкциялар астында олардың биіктігінің өзгеруіне байланыстыжобалау керек.

Тіректі тіреуіштер биіктігін келесі шарттарға байланысты тағайындайды:

- сұйыққоймалар ішінде орналасқан, пайдалану кезеңде жабдық арасында 100 мм саңылаумен қамтамасыз етілген сұйыққоймалар түбінен бастап қалқымалы шатыр немесе понтоннемесе қабылдап–үлестіретін құбырдың келте құбыр жәнеқалқымалы шатыр немесе бекітпе қырғыш қорабының түбіне дейінгі ең төменгі арақашықтық;
- жөндеу кезеңінде сұйыққоймалардың қабырғасындағы сұйыққоймалар түбінен бастап қалқымалы шатыр немесе понтонға дейінгі арақашықтық 2 м кем болмауы керек.

8.4.15Металл емес понтондарды жанбайтын тоқ өткізетін материалдардан немесе статикалық электрды алып тастауды қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықтауды жобалау керек.

8.4.16 Қалқымалы шатырлар және понтондарда бу–ауа қоспасын жоятын құрылғылар болуы тиіс, олардың астында қалқыған бойда және олардың төменгі жай–күйінде қысымды реттеу, сондай-ақ статикалық электрды бұру құрылғысы болуы тиіс.

8.4.17Сұйыққоймалар табанының деформация шегі технологиялық талаптар бойынша оны пайдаланудағы жарамды шегіне сәйкес, жабдықты пайдалануда технологиялық ережелерін немесе жобалау тапсырмасынбелгілеу қажет. Бұл жағдайда абсолют ең жоғарғы тұнбасы 200 мм аспауы керек, ал табанының түбіндегі салыстырмалы тұнбасы, екі нүкте арасындағы тұнба айырмасына тең, 0,005 мм аспауы керек.

Цилиндрлі тік сұйыққоймаларда қабырға және табанының орта бөліміндегі тұнба айырмашылығы 0,003 аспауы қажет және 100 мм жоғары болмауы керек (ондағы  $r$ – сұйық қойманың радиусі). Сұйыққоймалардың крені: қалқымалы шатырлы немесе понтонды

## ҚР НТҚ 02-03.1-2012

сұйыққоймаларда –0,002-ден, қалқымалы шатырлы немесе понтонсыз сұйыққоймаларда – 0,004-тен аспауы керек.

8.4.18 Жер бетіндегі сұйыққоймалар түбінің асты белгісінсұйыққоймалар жанындағы жоспарланған жер белгісінің деңгейінен жоғары 0,5 м төменқабылдау қажет.

8.4.19 Стационарлы шатыры бар сұйыққоймаларда атмосқақарастыру қажет.

8.4.20 Құрылыс және пайдалану кезінде сұйыққоймалардың табанын жерге салу белгісі жерасты суының ең жоғарғы деңгейінен 1 м жоғары болуы керек. Арнайы жағдайларда сұйыққоймалардың іргетас табанын жерасты суының деңгейінен төмен етіп орналастыруғаболады. Бұл жағдайда жерасты суының қысымынан топырақтың бос және қопарылған жағдайында сұйыққоймалардың қалқыған күйіне, беріктікті тексеруіне және қабырға мен табанныңжарыққа төзімділігіне есеп жүргізу керек.

8.4.21 Қоршаған айналаны қорғау мақсатында сұйыққойма табанының астына өнімнің ағуын тіркейтін бақылау құдықтарымен дренажды жүйе қарастыру керек. Алаңшада жерасты суы болған жағдайда олардың өздігімен ағып кететін дренажды жүйесін қарастыру қажет.

8.4.22 Жер бетінде міндетті түрде сұйыққоймалардың қабырғасы мен сеппе арасына құйылатын суды болдырмайтын атмосқа қарастыру қажет.

8.4.23 Құрама конструкциялы темірбетон сұйыққоймаларын сығуға *C20/25 – C30/37* беріктігі бойынша класс бетонын жобалау керек, ал тұтасқұйма конструкцияларына – *C20/25 – C25/30*. Өте жоғары класс бетоннын қолдануға да болады, егер ол экономиялы негізделген болса. Жобада бетон құрамының талаптары көрсетілген,ҚР ҚН EN 1992–1–1 байланысты.

8.4.24 Темірбетонды конструкциялы сұйыққоймалардың су құйылған жабындарындааязға төзімділігі бойынша F300 төмен емес және суөткізбеушілігі бойынша W8 төмен емес бетон маркасы қолданылады. Қалған темірбетонды конструкциялы сұйыққоймалар аязға төзімділігі бойынша ҚР ҚН EN 1992–1–1 талаптарын қанағаттандыру керек, ал суөткізбеушілігі бойынша W6 төмен емес маркаға сәйкес болу керек.

8.4.25 Түйіндер мен түйіспелерді бетонмен немесе ерітіндімен құйып бекіту керек, жобалау кластары сығуға беріктік бойынша конструкциялардың кернеулі кезеңінде аязға төзімділігі бойынша және суөткізбеушілігі бойынша маркалар негізгі конструкциялардың кластары мен маркаларынан төмен емес болуы қажет.

8.4.26Бетонның толтырғышы ретінде міндетті стандарттар талаптарына сәйкес қиыршықтас пен құмқолдану керек. Толтырғыш ретінде малтатас қолдануға тыйым салынады, толтырғыштың түйіршіктер құрамы пластиналы және инелі түрде 15 %-дан көп болмау керек.

## 8.5 Сұйыққоймаларды металдар коррозиясынан және өткізгіштіктен қорғау

8.5.1 Темірбетонды сұйыққоймаларды жобалауда сақталатын өнімдердің зиянды әсет етуіне байланысты олардың өткізбеушілігіне және сұйыққоймаларды жасаған материалдарды қорғауға ерекше назар бөлінеді.

8.5.2 Таза суды сақтауда жобалайтын сұйыққоймаларда қажетті жарыққатөзімділік және өткізбеушілікпен қамтамасыз ету тығыз бетондарды және алдын ала кернеуленген темірбетон конструкцияларын қолдану.

8.5.3 Таза су, шикі мұнай және мұнайөнімдері бетонға химиялық әсер етпейді. Қышқылдар мен өсімдік майлары бетонның бұзылуына әсер етеді. Осыған орай өнімнің осындай түрлерін сақтауда темірбетонды сұйыққоймаларда олармен бетонның байланыстарын болдырмау керек.

8.5.4 Сыйымдылық ғимараттарды өткізгіштіктен және сақталатын өнімдердің зиянды әсет етуінен қорғаудың тиімді тәсілдердің бірі беріктік және жеткілікті деформация, температура әсер етуіне орнықтылық, сақталатын өнімге байланысты зиянсыз және бекемдік жабын немесе қаптау құрылғысын қолдану. Сыйымдылық ғимараттардың құрылыс конструкцияларының қорғаушы жабынын орындайды:

- жайма тиоколмен (тиокол-латекспен сіндірілген мақталы қағаз немесе шынылы мата) жапсырма, үстіңгі қабатты құрамында тиокол-латекс негізінде бояумен бояу;
- қабыршақ винипластан өткізбеушілік жабынын қолдану;
- герметикалық қабықша пайдалану – қыстырмалар резеңке матадан, полимерден және басқа синтетикалық материалдан жасалған;
- сұйыққоймалардың ішкі беттерін қалыңдығы 1–4 мм жайма болатпен қаптау. Болат қаптама тек сұйыққоймалардың өткізбеушілігін қамтамасыз етеді, сол себепті ол коррозиядан қорғалған болуы керек.

8.5.5 Агрессивті су жағдайында сұйыққоймаларды жобалауда бетон құрамын таңдау және іріктеу ҚНЖЕ талаптарына сәйкес алынады. Агрессивті ортаның сыйымдылық ғимаратты темірбетонды сұйыққоймаларға кері әсер етуін төмендету үшін арнаулы тұтқыр бетон қолданады.

8.5.6 Құрама темірбетонды конструкцияларына төселетін болат бұйымдарды коррозиядан металлизация әдісімен алюминий немесе мырышты қабаттап жағу қорғайды.

## 8.6 Сұйыққоймаларды өткізбеушілікке сынау

8.6.1 Сұйыққоймаларға гидравликалық сынауды қабырғаның сыртқы бетінде оң температура гидроокшаулама құрылғысына дейін және барлық құрылыс жұмыстарының кешені аяқталғаннан кейін жүргізеді. Сынау жүргізілген мерзімге дейін барлық құйылған тұтасқұйма темірбетонда жобалы беріктік болу керек.

8.6.2 Гидравликалық сынауды жүргізерде нормативті құжаттарталаптарына басшылық етеді. Беріктік және өткізбеушілікке сынауды жоба белгісіне дейін су толтырумен жүргізеді. Судың деңгейін бірінші өлшеу жүргізу су толтырғаннан кейін 5 тәуліктен соң жүргізеді, екіншісін – біріншіден кейін 1 тәуліктен соң.

8.6.3 Сұйыққойма пайдалануға жарамды болып саналады, егер 1 тәулікте судың азаюы сыланған қабырғаның беті мен түбінен  $1\text{ м}^3$  литрдан аспаса. Бұл жағдайда судың шапшып ағып кетуі және негізінің ылғалданбауы болмауы керек.

8.6.4 Ішетін судың сұйыққоймалары гидрооқшаулама құрылғысына дейін топырақ себуге шейін 30 мин аралығында қарқындылығы 0,0008 МПа ауаның артық қысымына және вакуумға сынау жүргізіледі. Сұйыққойма сынауға төзімді деп саналады, егер қысым 30 мин 0,0002 МПа-дан төмендемесе.

## **8.7 Сұйыққоймалардың жабдықтары**

8.7.1 Суды сақтайтан сұйыққоймалар жабдықталады:

- жеткізетін құбыржолымен беретін;
- бұрып жіберетін құбыржолымен;
- қотарулық құрылғысымен;
- түсірім құбыржолымен кір;
- жуғыш құрылғысымен;
- сұйыққоймаларды толтыру және босатуда ауаны енгізіп және шығаратын құрылғымен;

- люктар— өрмелеуіштер (лаздар) сатылармен.


8.7.2 Диаметрі 100–400 мм жеткізетін құбыржолы сұйыққоймаға қабырға арқылы қосылады және 8.19 суретте көрсетілген су ағызғыш құйғышы бар тік құбырдан тұрады. 500–1400 мм диаметрлі жеткізетін құбыржолы тік бұрышты қималы тік қабылдаушы тыныштандырушы—камераға түбі арқылы (8.20 сурет) қосылады.

8.7.3 Ішетін судың сұйыққоймаларында тұрақты тәртіп жұмысымен қамтамасыз ету үшін қабылдау камераның жиегі және құйғыштың жоғарғы сүзгісін судың ең жоғарғы деңгейінен 200 мм төмен етіп орнатады. Өндіріс суын сақтауға арналған сұйыққоймаларында құйғыштың жоғарғы белгісі кол тимейтін өртке қарсы сақтық қор деңгейіне дейін төмендетуге рұқсат етіледі.


8.7.4 Бұрып жіберетін құбыржолы сұйыққоймалардың түбіне құрастырылады және еңіс кіреберіс учаскесі бар болат құбырдан пісірген конструкциядан тұрады. Бұрып жіберетін құбыржолына кіреберіс түбінен көтеріледі және болат шыбықтан жасалған сороұстайтын тормен жабдықталады.

8.7.5 Қотарулық құрылғысы сұйыққоймаларды толтыруынан қауіпсіздік кепіл болады. Диаметрі 100–400 мм құбыр үшін қотарулық құрылғысы қабырға арқылы сұйыққоймаға қосылған құбыржолы тәріздес даярланады, шетінде су ағызғыш құйғышы орналасқан. Ішетін судың сұйыққоймаларында қотарулық құрылғысының тік бөлігінде гидравликалық бекітпе орнатылады. Диаметрі 500–1000 мм қотарулық құрылғысы түбі арқылы қосылады. Қотарулық құрылғысының жоғары белгісі — сұйыққоймаларда ең жоғарғы су деңгейінен 100 мм жоғары болады.





Сурет 8.19 – Әкелінетін құбыржолы



Сурет 8.20 – Қабылдайтын камера

8.7.6 Диаметрі 100–200 мм түсірім құбыржолы сұйыққойманың түбінде орналасады.

8.7.7 Кір судың ағыны түсірім құбыржолына өздігінен ағумен қамтамасыз етіледі.

8.7.8 Сатылармен люктар-өрмелеуіштерсұйыққоймаларды профилактика жүргізу және мерзімдік қызмет көрсету үшін қызмет етеді.

## 9 КӨТЕРГІШ ҚАБІЛЕТІ БОЙЫНША КҮЙ ШЕГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СҰЙЫҚТЫҚТЫ ОҚШАУЛАУШЫ ЖӘНЕ ТҰТҚЫР ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЕСЕПТЕУІ

### 9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Көтергіш қабілеті бойынша күй шегіне байланысты бетон және темірбетон конструкцияларын есептеуі кезінде жарығы бар конструкцияда есептік әсер етуден болатын күштер шектік күштерден аспауы шартынан жүргізу керек [1]-[3].

Жүйелер және конструкциялардың көтергіш қабілетінің есептік критерийлерінің таусылуы олардың июші моменттер және бойлық күштер әсерінен қиманың беріктігі таусылуы, көлденең оське нормалды, және өзгерілетін күйге жүйенің немесе оның бөлек элементтерінің ауысуы.

9.1.2 Жалпы жағдайда көлденең оське қалыпты жарығы бар қимада темірбетон конструкциялары қабылдап алатын шектік күштер деформациялы есептік модель теңдеуінің жалпы жүйесі шешімінен анықталады.

9.1.3 Көлденең оське қалыпты жарығы бар қимада темірбетон конструкциялар беріктігінің таусылу критерийіне, деформациялы есептік модельді қолданғанда бетонның салыстырмалы сығылу немесе созылған арматураның шектік мәніне жеткілікті шарт қабылданады.

9.1.4  $\varepsilon_c$  сығылған бетонның салыстырмалы деформация шегінің мәнін 7.1 кестесі бойынша қабылданады, сол жағдайда ол аспау керек:

- а) ортада сығылған қималар үшін  $-\varepsilon_{c2}(\varepsilon_{c3})$  мәні 7.1 кестесі бойынша;
- б) ортада емес сығылған қималар үшін (салыстырмалы деформациялардың екі таңбалы эпюрасымен)  $-\varepsilon_{cu2}(\varepsilon_{cu3})$  7.1 кестесі бойынша;


Темірбетон конструкциялар элементтер қимасының кедергісін есептеуі деформациялы есептік модель бойынша келесі рұқсат етіледі:

- бетонның кернеуімен деформациясы  $(\sigma_c - \varepsilon_c)$  деформация диаграммаларына байланысты;
- арматураның кернеуі мен деформациясы  $(\sigma_c - \varepsilon_c)$  деформация диаграммаларына байланысты;
- бетон мен арматураның орташа деформациясы жазықтық қимасының гипотезасы дұрыс болып есептелінеді;
- созылудағы бетон есептеуде ескерілмейді.

9.1.5 Көтергіш қабілеті бойынша күй шегіне байланысты бетон және темірбетон конструкцияларының сұйыққомаларын есептеу НТҚ-02-01-2011 7 бөліммен келісіліп жүргізіледі.

## 9.2 Тік бұрышты сұйыққоймаларды есептеу

9.2.1 Тік бұрышты сұйыққоймалар қабырғаларын есептеу тәсілі мен түрлі әсер ету жұмыстарындағы сипаты оның конструктивті шешім және қабырға өлшемдерінің қатынасымен анықталады (9.1 сурет), [1]-[3].




Сурет 9.1 – Сұйыққоймалар қабырға жақтарының арақатынасын анықтауға

9.2.2  $L_1/H > 2$  жақтар қатысында есеп I-ші тип бойынша жүргізіледі, ал  $L_1/H \leq 2$  жақтар қатысында – II.

### 9.2.1 Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу (I-ші типті қабырға)

9.2.1.1 Сұйыққойманың жақтар қатынасында  $L_1/H > 2$  және көлденең арматуралары пісірілмейтінкілтек нысанды тік түйіспелері бар құрама қабырғалар тұтасқұйма темірбетон қабырғалары арқалық ретінде есептеледі. Арқалықтың есептік ені 1 м тең етіп қабылданады.

9.2.1.2 Қабырғаны бекіту түрі сұйыққойманың конструкциясымен анықталады. Тік арқалық түбінде қатаң қысылып ұсталынғандай есептеледі. Жабын болмаған жағдайда арқалық консольды болып есептеледі, құрама аражабын қысылып ұсталынғанда аражабын деңгейінде – топсалы, жабынмен қатаң түйінде – екі жақтан қатаң қысылып ұсталынған болып есептеледі (9.2 сурет).



Сурет 9.2 – Сұйыққойма қабырғаларын есептеу сұлбасы

9.2.1.3 Шеткі екі қабырғаны есептеу екі толтыру жағдайына байланысты жүргізеді: гидравликалық сынауы кезеңінде –топырақтың қопарылуы болмағандағы сұйықтың гидравликалық қысымында; пайдалану кезеңінде – ғимаратты босатқандағы топырақтың бір жақ қысымына.

9.2.1.4 Июші моменттерден басқа сұйыққойма қабырғасында кейбір жағдайда жабынның салмағынан түсетін бойлық күштер пайда болуы үмкін, бұл жағдайда есепбойлық күштер есебірсіз қолайсыз жағдайға байланысты жүргізіледі

9.2.1.5 Топырақ немесе сұйық қысымынан болатын қабырғаға әсер етулер үш бұрышты түрде болады (немесе трапеция).

9.2.1.6 Топырақ немесе сұйық қысымынан болатын қабырғаға әсер етулер қабырға ұзындығы бойынша 1 ұз.м анықталады.

9.2.1.7 Әсер етудің сипатты мәнірсұйықтықты сақтау салдарынан түбіндегі қабырға аспап бетін бітеп тастаған деңгейдеформула бойынша есептеледі:

$$p = \gamma \cdot h \cdot b, \quad (9.1)$$

ондағы  $b=1$  – есептейтін арқалықтың ені, м;

$\gamma$  – сақталатын сұйықтықтың меншікті салмағы, Н/м<sup>3</sup>;

$h = H - h_i$  – сұйыққома қабырғасының есептік биіктігі, м.

9.2.1.8 Әсер етудің сипатты мәні топырақтың қысымынан болатын жоғарғы қабырғаның аспап беті  $p'_u$  жәнетүбін бітеп тастаған  $p'_d$  деңгейде формула бойынша есептеледі:

$$p'_u = \gamma' \cdot h'_1 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2 \left( 45^\circ - \varphi/2 \right) \quad (9.2)$$

$$p'_d = \gamma' \cdot h'_2 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2 \left( 45^\circ - \varphi/2 \right) \quad (9.3)$$

$$p' = p'_u + p'_d \quad (9.4)$$

ондағы  $\gamma'$  – сепкен топырақтың меншікті салмағы, Н/м<sup>3</sup>;

$\varphi$  – топырақтың ішкі үйкелу бұрышы, град;

$h'_1$  – сұйыққойма үстіндегі үйіндінің шартты биіктігі, м;

$h'_2$  – шартты биіктік, м,  $h_Q$  үйінді биіктігі мен қабырға биіктігі қосындысы ретінде анықталады;

$\operatorname{tg}^2 \left( 45^\circ - \varphi/2 \right)$  – топыраққа бүйірлік қысымының коэффициенті (топырақтың байланысуы ескеріледі).

9.2.1.9 Егер ғимарат топырақ суы деңгейінен төмен орнатылса, онда түбінің деңгейіндегі қабырғағабүйірлік сипатты қысымы  $H_1$  биіктіктегі топырақ қабатынан болататын  $p'_0$  қысымнан (су деңгейінен бетіне дейін), сумен қаныққан (кезеңде  $H_2$ ) топырақ бөліктерінен болған  $p'_{sb}$  қысымы және  $p'_w$  судың қысымынанқұрастырылады:

$$p'_0 = \gamma' \cdot H_1 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2(45^\circ - \varphi/2) \quad (9.5)$$

$$p'_{sb} = \gamma_{sb} \cdot H_2 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2(45^\circ - \varphi/2) \quad (9.6)$$

$$p'_w = \gamma_w \cdot H_2 \cdot b \quad (9.7)$$

$$p' = p'_0 + p'_{sb} + p'_w \quad (9.8)$$

где  $\gamma_{sb}$  – судың әсер етуін өлшеу есебімен алатын меншікті салмақ, Н/м<sup>3</sup>.

Судың әсер етуін өлшеу есебімен алатын меншікті салмақ  $\gamma_{sb}$  формула бойыша анықталады:


$$\gamma_{sb} = \frac{\gamma_s - \gamma_w}{1 + e} \quad (9.9)$$

где  $\gamma_s$  –топырақ бөліктерінің меншікті салмағы, құмтас топырақ үшін –26 кН/м<sup>3</sup>тозаңды балшық үшін –27 кН/м<sup>3</sup>етіп қабылданады;


$\gamma_w$  – судың меншікті салмағы,10 кН/м<sup>3</sup>тең етіп қабылданады;

$e$  –кеуектілік коэффициенті.

а)



б)



а) –топырақ суы болмағанда; б) – топырақ суы болғанда

**Сурет9.3 – Жер астындағы сұйыққоймақырығаларындағы топырақтың қысымы**


9.2.1.10 Арқалықтағы сипаттамалы июші моменттер олардың шеттерін бекіту шарттарына байланысты анықталады:

- консольды (9.4 суретті қара),  
сұйыққойма ішіндегі суының қысымынан

$$M_b^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{6}; \quad M_{b,u}^{in} = 0; \quad (9.10)$$

сұйыққойманың сыртындағы топырақтың қысымынан

$$M_b^{out} = -\left(\frac{p'_u \cdot h^2}{6} + \frac{p'_d \cdot h^2}{6}\right); \quad M_{b,u}^{out} = 0. \quad (9.11)$$



Сурет9.4 – Консольды есептік сұлбалар үшін июші моменттердің эпюрасы

- топсалы (9.5 суретті қара)  
сұйыққойма ішіндегі суының қысымынан

$$x_0 \approx 0,5 \cdot h \quad M_b^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{15} \quad M_{b,u}^{out} = 0; \quad (9.12)$$


$$M_{int}^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{33,54}; \quad x_0 = 0,447 \cdot h; \quad M_{b,u}^{in} = 0; \quad (9.13)$$

сұйыққойманың сыртындағы топырақтың қысымынан

$$M_b^{out} = -\left(\frac{p'_u \cdot h^2}{8} + \frac{p'_d \cdot h^2}{15}\right); \quad M_{b,u}^{out} = 0; \quad (9.14)$$

$$M_{int}^{out} = \left(\frac{3 \cdot p'_u}{8} + \frac{p'_d}{10}\right) \cdot h x_0 - \frac{p'_u}{2} \cdot x_0^2 - \frac{p'_d}{6 \cdot h} \cdot x_0^3, \quad (9.15)$$

ондағы  $x_0 \frac{p'_d \cdot h}{10} + \frac{3 \cdot p'_u \cdot h}{8} - p'_u \cdot x_0 - \frac{p'_d}{2 \cdot h} \cdot x_0^2$  теңдеуінен анықталады.



Сурет 9.5 – Жабын деңгейінде топсамен бекітілген есептік сұлбалар үшін июші моменттердің эпюрасы

- екі жақта (қырда) қатаң қысып ұсталынған (9.6 суретке қара) сұйыққойма ішіндегі суының қысымынан

$$M_{b,d}^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{20}; \quad M_{int}^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{46,6}; \quad (9.16)$$

$$x_0 = 0,548 \cdot h; \quad M_{b,u}^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{30}; \quad (9.17)$$

сұйыққойманың сыртындағы топырақтың қысымынан

$$M_{b,d}^{out} = -\left(\frac{p'_u \cdot h^2}{12} + \frac{p'_d \cdot h^2}{20}\right); \quad M_{int}^{out} \approx \frac{p'_u \cdot h^2}{24} + \frac{p'_d \cdot h^2}{40}; \quad x_0 \approx 0,5 \cdot h \quad (9.18)$$


$$M_{b,u}^{out} = -\left(\frac{p'_u \cdot h^2}{12} + \frac{p'_d \cdot h^2}{30}\right). \quad (9.19)$$

## 9.2.2 Қысқабойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу (II-ші типті қабырға)

9.2.2.1 Тұтасқұйма темірбетон қабырғалар сұйыққойма жақтарының ара қытысы немесе қырларының болуын, сондай – ақ құрама қабырғаларда қабырғаның көлденең арматурасын пісіруде бүйір қырлары бойынша және төменгі жағында қысылып ұсталынатын тілім түрінде ұсынылады.

9.2.2.2 Жоғары шеттерінің тіреу сипаты сұйыққойма конструкцияларымен анықталады. Жабынның болмаған ажғдайында ол – бос, құрама жабындарда – топсалы

тірелген, жабынмен құрама байланыстағы – жоғары шетіқысып ұсталынған болып саналады (9.7 суретке қара).




**Сурет9.6 – Жабын деңгейінде қатаң бекітілген есептік сұлбалар үшін июші моменттердің эпюрасы**

9.2.2.3 Қырларының болуы сұйыққойманың қабырғалар есебі жеке орындалады.

9.2.2.4 Қабырғаны есептеу екі толтыру жағдайына байланысты жүргізеді:топырақтың қопарылуы болмағандағы сұйықтыңгидростатикалық қысымында және ғимаратты босатқандағы топырақтың бір жақ қысымында. Есептеуде бойлық күштер ескерілмейді.

9.2.2.5 Топырақ немесе сұйықтық қысымынан болатын әсер етулер төменде ең жоғарғы ординатасы бар трапеция немесе үш бұрыш түрінде болады. Сипаттамалы қысым (9.1) – (9.8) формулалар бойынша анықталады.

9.2.2.6 Қабырғалардағы июші моменттер тақталар ретіндегідей тік бұрышты изотропты тақталар есебіне арналған кесте бойынша немесе сандық әдістер арқылыанықталады



а) – ашық сұйыққоймаларда; б) – құрама жабындары бар сұйыққоймаларда; в) – сондай,тұтасқұймажабындары бар; 1 –бос шет; 2 – топсалы тіреу; 3 – қысып ұстау

**Сурет9.7 – Екі бағытта тақта сияқты жұмыс істейтін II-ші типті қабырғалардағы есептік сұлбалар**



### 9.2.3 Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын конструкциялау(I-ші типті қабырға)

9.2.3.1 Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларының аспап беті (I-ші типті) тік жазықтықта тек иілуге жұмыс істейді (нольден айырмашылығы болған моментте жабын деңгейіндегі қиманы да қарастырады). Жұмыс арматура бұл жағдайда тік арматура болып, ал көлденең арматура конструктивті болып табылады. Қабырғаға перпендикуляр бағытта жанасатын телімдерде үлкен емес июші моменттер пайда болады, сондай-ақ көлденең жазықтықта, сол себепті көлденең арматураға күш салу керек.

Июші есептік моменттердің мәні бойынша биіктігі  $-d = t - c$  және ені  $-b = 100 \text{ см}$  тік бұрышты қима үшін тік арматураның қажетті ауданын таңдайды, ондағы,  $t$  – қабырға қалыңдығы,  $c$  – бетонды қорғайтын қабат.

Арматура қимасының ауданын таңдау июші темірбетон элементіндегідей жүргізіледі. Моменттер үлкен мәндерімен сипатты қималар қарастырылады:

– Қабырғаның түбіне бітеп тастау деңгейіндегі қима. Сұйықтықтың қысымын қабылдау үшін ішкі жақтағы созылатын аймақта орнатылатын арматура қимасының ауданын таңдайды. Топырақтың қысымынан созылу қабырғаның сыртқы жақтарына түседі және арматура сыртқы қырларына сәйкес орналастырады.

– Аралық қима. Су қысымынан моменттерді қабылдау үшін сыртқы қабырғаның қырында арматура қимасының ауданын таңдайды. Топырақтың қысымын қабылдау үшін ішкі жақтарда орнатылған арматура қимасының ауданын таңдайды. Арматура қимасының ауданын таңдайды.

Егер судың және топырақтың қысымындағы қимасында июші моменттер мәнінің айырмашылығы аз (20 % артпайтын) болса, онда қабырға беттерінің ішіне және сыртына бірдей арматуралауды қолданады,

Аралық қабырғалар сұйықтық қысымын бір және екінші жақтарынан байқайтын (көрші секцияларды босатылған) су қысымына есептелетін екі жақтан арматураланады.

Топырақ және сұйықтық қысымында сұйыққойманың қабырғаларын есептеуді бөлек жүргізеді, бұл жағдайда сығылған аймақтағы арматураны есепке алмайды, яғни арматуралауды дара ретінде қарастырады. Қалыпты қималар бойынша дара арматурасы бар тік бұрышты қиманы есептеу НТҚ–02–01–2011 7 бөлімге сәйкес жүргізеді.

9.2.3.2 Қабырғаларды арматуралау пісіру торларымен орындалады. Торларды есеп бойынша ішкі және сыртқы жақтарға орнатады. Бетонды қорғау қабатын 15–20 мм етіп қабылдайды. Моменттердің мәндері үлкен болған жағдайда бітеп тастауда сыртқы және ішкі қырларында екі тордан жасайды: біреін аралық моменттерді қабылдайтын қабырғаның барлық биіктігіне, екіншісін – төменгі бөлігінде, үлкен торлармен бітеп тастауда әсер ететін моменттерді біріге қабылдайды. Сұрыптау бойынша өзектің арматуралы қимасын және олардың қадамын тік арматураның ауданы қажетті  $A_s$  ауданынан аз болмайтын етіп таңдайды. Көлденең өзекті конструктивті қояды. Оларды жұмыс арматура қимасының 10 % аз болатын жалпы қиманың диаметрінен аз етіп қабылдайды. Оларды 250–300 мм қадамымен, аралықтарын 350 мм етіп орналастырады.

Арматуралы торларды конструкциялауда ҚР ҚН EN 1992–1–1 көрсетілген конструктивті талаптарды ескеру қажет.

### **9.2.4 Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларын конструкциялау (II-ші типті қабырға)**

9.2.4.1 Ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғаларының аспап беті(II-ші типті қабырға)екі бағытта иілуге жұмыс істейді. Жұмыс арматура бұл жағдайда тік арматура сияқты көлденең арматура да жатады. Есептеу тік және көлденең жазықтықта моменттің ең жоғарғы мәніне орындалады. Тапқан момент шамалары бойынша тақтаның әрбір бағытында арматураның қажетті ауданын анықтайды.

Топырақ және сұйықтық қысымында есептелінетін арматураны сәйкес жүктемеден бастап созылған аймақта орналастырады.

Егер судың және топырақтың қысымындағы июші моменттер мәнінің айырмашылығы аз (20 % дейін) болса, онда қабырға беттерінің ішіне және сыртына бірдей арматуралауды қолданады.

Аралық қабырғаларында болады. сұйықтық қысымын бір және екінші жақтарынан байқайтын су қысымына есептелетін симметриялы арматуралауы болады.

Арматураны есептеу тақтаның 1 м еніне жалғаз арматурасы бар июші элементтеріндегідей сияқты жүргізіледі, яғни биіктігі  $-d = t - c$  және қима ені үшін  $-b = 100 \text{ см}$ , ондағы  $t$  – қабырға қалыңдығы,  $c$  – бетонды қорғайтын қабат.

Көлденең арматураны таңдау үшін екі шетінен қатаң қысып ұсталынған ені 1 м көлденең жолақты кесіп алады. Тік арматураны есептеу үшін түбінде қатаң қысып ұсталынған және жабын деңгейінде сәйкес бекітілген ені 1 м тік жолақты кесіп алады қажетті арматурасының ауданын есептеу НТҚ–02–01–2011 7 бөлімге сәйкес жүргізеді.


9.2.4.2 Қабырғаларды арматуралау пісіру торларымен орындалады. Арматуралау ұзынбойлы сұйыққоймалардың қабырғалары(I-ші типті) сияқты жүзеге асырылады. Торларда жымысшы болып екі бағыттағы өзектер саналады. Тақтаның шет жақтары бойынша аралық моменттерден едәуір асатын тіректі моменттерді қабылдау үшін қосымша торлар орнатылуы мүмкін.

## **9.3 Цилиндрлі сұйыққоймаларды есептеу**

### **9.3.1 Цилиндрлі сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу**

9.3.1.1 Цилиндрлі сұйыққоймалардың қабырғалары сұйықтың гидростатикалық қысымынан созылатын, қопарылуы және топырақтың қысымынан сығылатын күштерді сынайды.

9.3.1.2 Осындай сұйыққоймалардың қабырғаларын есептеу үшін анықтаушы болып бірге тең белдеу биіктігімен жартылай сақина тепе-теңдігі шартынан есептелетін созылатын күштер болады(9.8 сурет) [1]-[3].



а) – сұйыққойманың тік кескіні; б) – қабырғаның түбімен қатаң қысып ұсталуы; в) сондай, топсалы

**Сурет 9.8 – Цилиндрлі сұйыққойма қабырғаларын есептеудегі сұлбалар**

9.3.1.3 Сипаттамалы созылатын сақиналы күштер  $S_{ro}(z)$  сұйықтық бетінен  $z$  арақашықтықта (9.20) формуласымен анықталады:

$$S_{ro}(z) = \gamma \cdot z \cdot r \quad (9.20)$$

где  $\gamma$  – сақталатын сұйықтың меншікті салмағы, Н/м<sup>3</sup>;

$z$  – сұйықтың бетінен бастап қарастырылатын қабырға қимасына дейінгі арақашықтық, м;

$r$  – сұйыққойма радиусы, м.

9.3.1.4 Сұйыққойма биіктігі бойынша созылатын күштер қабырғаның түбімен бірігуіне байланысты.

9.3.1.5 Қабырғаның түбімен бірігуінде сипаттамалы созылатын сақиналы күштер келесі байланыстармен өзгеріледі

$$S_r(z) = S_{ro}(z) - p \cdot r \cdot \left[ \eta_1 + \eta_2 \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right) \right] \quad (9.21)$$

мұнда  $S_{ro}(z)$  –қарастырылатын қимадағы сақиналы күштер, Н/м;

$p = \gamma \cdot h$  – сұйыққойматүбіндегі сұйықтың гидростатикалық қысымы, Н/м<sup>2</sup>;

$\eta_1, \eta_2$  – параметрге байланыстысерпімді табанындағы арқалықты есептеуге арналған коэффициент,қабырғаның биіктігі мен қатаңдығын сипаттайды,  $k = m \cdot z$  (9.1 кестесін қара);

$m = \frac{1.3}{\sqrt{r \cdot t}}$  – қабырғаныңқатаңдығы, м;

$D$  – сұйыққоймадиаметрі, м;

$z$  –қабырғаның төмен жағынан бастап қарастырылатын қимаға дейінгі арақашықтық, м.

9.3.1.6 Қабырғалардың түбімен топсалытүйіндесуі сипаттамалы созылатын сақиналы күштер формула бойынша анықталады:

$$S_r(z) = S_{ro}(z) - 2 \cdot m \cdot r \cdot F_{fr} \cdot \eta_1 \quad (9.22)$$

ондағы  $m, r, \eta_1$  – қабырғаның түбімен қатаң бірігуіндегідей анықталатын параметрлер;

$F_{fr} = N \cdot \mu$  – үйкеліс күші;

$\mu$  –қабырғаның түбіне қатысты үйкеліс коэффициенті;

$N$  – ұзындық сипаттамалыбойлық күш, Н/м.

9.3.1.7Үйкеліс күшіекі жағдайда анықталады:

- Гидравликалы сынауда – бұл жағдайда сипаттамалыбойлық күш қабырғадан салмаққа түсетін ұзындық сипаттамалытік жүктемеге тең (ашық сұйыққоймаларда);

$$F_{fr} = N \cdot \mu = \gamma_c \cdot h \cdot t, \quad (9.23)$$

ондағы  $\gamma_c = 25000$  – темірбетонның меншікті салмағы, Н/м<sup>3</sup>;

$t$  –сұйыққоймақабырғаларының қалыңдығы, м.

- Пайдалану шарттары –бұл жағдайда сипаттамалы бойлық күш қабырғадан салмаққа, сондай-ақ жабынның салмағынан және сеппеден түсетін ұзындық сипаттамалытік жүктемеге тең(терең сұйыққоймаларда);егер жағдайда  $F_{fr} \leq p/2m$  (имарат топырақпен себілген)

$$F_{fr} = N \cdot \mu; \quad (9.24)$$

$$F_{fr} > p/2m$$

$$F_{fr} = \frac{p}{2m} \quad (9.25)$$

9.1 кестесі – Коэффициенттер  $\eta_1$  и  $\eta_2$  мәні

$\varphi = m \cdot y$	$\eta_1$	$\eta_2$
0	1	0
0.1	0.9004	0.0903
0.2	0.8024	0.1627
0.3	0.7078	0.2189
0.4	0.6174	0.2610
0.5	0.5323	0.2908
0.6	0.4530	0.3099
0.7	0.3798	0.3199
0.8	0.3130	0.3223
0.9	0.2528	0.3185
1.0	0.1988	0.3096
1.1	0.1510	0.2967
1.2	0.1092	0.2807
1.3	0.0729	0.2626
1.4	0.0419	0.2430
1.5	0.0158	0.2226
1.6	-0.0059	0.2018
1.7	-0.0236	0.1812
1.8	-0.0376	0.1610
1.9	-0.0484	0.1415

$\varphi = m \cdot y$	$\eta_1$	$\eta_2$
2.0	-0.0564	0.1231
2.1	-0.0618	0.1057
2.2	-0.0652	0.0896
2.3	-0.0668	0.0748
2.4	-0.0669	0.0613
2.5	-0.0658	0.0491
2.6	-0.0636	0.0383
2.7	-0.0608	0.0287
2.8	-0.0573	0.0204
2.9	-0.0535	0.0133
3.0	-0.0493	0.0070
3.5	-0.0283	0.0106
4.0	-0.0120	0.0139
4.5	-0.0024	0.0109
5.0	0.0020	-0.0065
5.5	0.0029	-0.0023
6	0.0024	-0.0007
7	0.0007	-0.0006
2.0	-0.0564	0.1231

9.3.1.8 Сұйықтың гидростатикалық қысымынан және топырақтың қопарылу қысымынан болатын қабырғаның тік жазықтығында сипаттамалы июші момент қабырғаның түбімен түйіндесуіне байланысты анықталады.

9.3.1.9 Қабырғаның түбімен қатаң түйіндесуіндесұйықтың әсер ететін қысымының сұйыққойма биіктігі бойынша тік жазықтығында қабырғада сипаттамалы июші момент формула бойынша есептеледі:

$$M(z) = \frac{p(z)}{2m^2} \left[ \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right) \eta_1 - \eta_2 \right]. \quad (9.26)$$

Ең жоғарғыиюші момент


- судың қысымы әсер етуінен

$$M = \frac{p}{2m^2} \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right) \quad (9.27)$$

- топырақтың қопарылуы әсер етуінен

$$M = \frac{p_{sb}}{2m^2} \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right), \quad (9.28)$$

ондағы  $p_{sb}$  –  $h$  тереңдікте топырақтың көлденең қысымының қарқындығы  
 $p_{sb} = \gamma_{sb} \cdot h \cdot \operatorname{tg}^2(45^\circ - \varphi/2)$ .



Сурет 9.9 – Сұйыққойма қабырғаларына топырақ қысымын есептеуге

9.3.1.10  $p'_d$  түбінде бекіту және  $p'_u$  қабырға аспап бетінің сай деңгейдің топырақ қысымынан болатын әсер теудің сипаттамалы мәні (9.2), (9.3) формулалары арқылы анықталады (9.9 сурет).

9.3.1.11 Топырақ бетіндегі ауыспалы жүктеме (әр түрлі материалдар мен жүктерді жинаудан, шынжыр табанды және доңғалақты автокөліктен)  $p'_Q$  топырақтың эквивалент қабатымен ауыстырылады:

$$h_Q = \frac{p'_Q}{\gamma'}. \quad (9.29)$$

Сонда қабырғаның жоғарғы және төменгі жақтары бойынша топырақтың бүйір қысымы анықталады:

$$p'_u = \gamma' \cdot h_1 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2(45^\circ - \varphi/2); \quad (9.30)$$

$$p'_d = \gamma' \cdot h_2 \cdot b \cdot \operatorname{tg}^2(45^\circ - \varphi/2), \quad (9.31)$$

ондағы  $h_1$  және  $h_2$  арақашықтық формулалар бойынша анықталады:

$$h_1 = h_Q - 0.5; \quad (9.32)$$

$$h_2 = h - 0.5 + h_Q. \quad (9.33)$$

Уақытша жүктеме әсері есебемен сұйыққойманың қабырғасындағы июші момент тең:

$$M = \frac{p'_d}{2m^2} \left( 1 - \frac{1 - (p'_u/p'_d)}{m \cdot h} \right). \quad (9.34)$$

9.3.1.12 Қабырғаның түбімен топсалы түйіндесуі сұйыққойма биіктігі бойынша тік жазықтығында сипаттамалы июші момент формула бойынша есептеледі:

$$M = \frac{F_{fr} \eta_2}{m} \quad (9.35)$$

Ең жоғарғы үйкеліс күші арақашықтықта болады

$$y = 0.6 \sqrt{r \cdot t} \quad (9.36)$$

### 9.3.2 Цилиндрлі сұйыққомалардың қабырғаларын конструкциялау

9.3.2.1 1 ұз.м сақиналы арматура қимасының ауданы созылатын элементтің беріктік шартының формула бойынша анықталады:

$$A_{si} = \frac{S_{Edi}}{f_{yd}} \quad (9.37)$$

ондағы  $S_{Edi}$  —  $i$ -дегі сақиналы қабырғаның сақиналы күші.

9.3.2.2 Қабырғаның биіктігі бойынша сақиналы арматураны таңдауда келесі конструктивті талаптарды ескеру қажет:

- тез екпінмен арматуралауда әрбір сақина (1 м-ге) кем дегенде бес диаметрлі жұмыс арматурасын қарастырады;
- симметриялы арматуралауда екі қатарда – арматураның 10 диаметрінен аз емес.

Қабырғаның барлық биіктігіне іріктелгендігі бойынша жұмыс арматурасының үш түрлі диаметрінен аспайтындай қолдану керек.

9.3.2.3 Тік арматура қимасының ауданы биіктігі  $d = t - c$  және ені  $b = 100$  см тік бұрышты нысанды иілу элементтерінің беріктік шарттынан анықталады, ондағы  $t$  – қабырға қалыңдығы,  $c$  – бетонның қорғайтын қабаты. Қажетті арматура ауданын есептеу НТҚ–02–01–2011 7 бөлімге сәйкес жүргізіледі.

9.3.2.4 Тік арматура екі беттікте қарастырылады.

Арматура сұйыққойманың ішкі жағындағы топырақтың сеппесі болмаған жағдайда судың қысымынан болатын  $M$  күштер бойынша және сыртқы жағынан – босатылған сұйыққойманың топырақ қысымынан таңдалады.

9.3.2.5 Егер арматураның едәуір емес саны қажет болған жағдайда, онда ол конструктивті – қабырғаның әр жақтарынан 1 ұз.м бес диаметрден аз емес етіп тағайындалады.

#### 9.4 Сұйыққойманың түбін есептеу

Ішкі ұстыны және топырақ суының тіреуіші болмағандатүбінің барлық жазықтығы, жолақтан басқа, қабырғаларға жанасуы жұмыс емес болып есептеледі. Қабырғаларға жанасатын жолақ қабырғаның іргетасы болады, бұл жолақ қабырғаларға жанасу түйінінің конструктивті шешіміне байланысты июші моменттерінің тірек контурында пайда болған иілуге сыналады.

Ішкі ұстыны болған жағдайда тік жүктеме жабынның жүк ауданына сай бағандармен қабылданады және олармен түбінің конструкциясына беріледі.

Топырақ суының тіреуіші болғанда түбінің конструкциясы төменнен жоғарыға бағытталған  $(p - g)$ ,  $H/m^2$  судың тік қысымына толтырылмаған сұйыққоймада есептелуі тиіс, ондағы  $p = \gamma \cdot h$  – топырақ суы тіреуішінің жоғарғы қарқындығы,  $h$  топырақ суының ең жоғарғы деңгейінен бастап сұйыққойманың табанына дейінгі биіктігіне тең;  $g$  – түбінің конструкциясының меншікті салмағы.

Одан басқа, сумен толтырылмаған сұйыққойманы қалқап шығуға тексеру керек. Бұл жағдайда сұйыққойма конструкциясының  $Q$  салмағы  $\gamma = 0,9$  жүктеме бойынша сенімділік коэффициентімен қабылдайды. Қалқып шығу тексеру формула бойынша анықталады:

$$\frac{\gamma \cdot Q}{A \cdot p} \geq 1.1 \quad (9.38)$$

ондағы  $A$  – сұйыққойманың табанының ауданы,  $m^2$ .

Сұйыққойманың түбін есептеу серпімді табанындағы тақтаға арналғандай жүргізіледі.

##### 1 ЕСЕП

##### Берілгені

Цилиндрлі тұтасқұйма темірбетон сұйыққойманың қабырғаларын жобалау керек, өлшемдері: диаметрі  $D = 14.6 \text{ м}$ ; биіктігі  $h = 5.0 \text{ м}$ ; сыйымдылығы –  $500 \text{ м}^3$ .

Сұйыққойма – ашық.

Қирау призмасында ауыспалы жүктеме  $p'_Q = 30 \text{ кН/м}^2$ .

Қабырғаның түбімен түйіндесуі – қатаң қысып ұсталынғын.

Топырақтың сипаттамалары: қатты балшық, топырақтың көлемдік массасы  $\gamma = 17 \text{ кН/м}^3$ ; ішкі үйкелістің бұрышы  $\varphi = 35^\circ$ ; топырақтың есептік кедергісі  $R_c = 250 \text{ кПа}$

##### Жобалауға арналған мәліметтер:

C16/20 класты қалыпты бетон.



Сығудағы бетонның есептік кедергісі  $f_{cd} = \frac{\alpha_{ce} f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0.85 \cdot 16}{1.5} = 9.1 \text{ МПа}$ , созыудағы бетонның есептік кедергісі  $f_{ctd} = \frac{\alpha_{ct} f_{ctk}}{\gamma_c} = \frac{1 \cdot 1.3}{1.5} = 0.87 \text{ МПа}$ , бетонның алғашқы серпімділік модулі  $E_{cm} = 27 \cdot 10^3 \text{ МПа}$ .

Арматура қабырғада:


St500 класты сақиналы арматура, St500 класты тік арматура,

арматураның есептік кедергісі  $f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1.15} = 435 \text{ МПа}$ ,

арматураның серпімділік модулі  $E_s = 20 \cdot 10^4 \text{ МПа}$ ;

Цилиндрлі сұйыққойма қабырғаларын есептеу және конструкциялау

Цилиндрлі қабырғада сұйықтың гидростатикалы қысымынан сақиналы созылатын күштер пайда болады (9.10 сурет)



а) – сұйыққойманың тік кескіні; б) – жоспардағы қима (сақинаның жартысы)

**Сурет 9.10 – Цилиндрлі қабырғада сақиналы созылған күштерді анықтаудағы есептік сұлба**

9.10 суретте  $\gamma = 10 \text{ кН/м}^3$  – судың көлемдік массасы.

Цилиндрлі қабырғада сақиналы күштердің шамалары судың гидростатикалы қысымына пропорционал өседі. Сақиналы күштерді анықтау үшін сұйыққойманың  $h$  биіктігін 1,0 м тең аумақтарға (сақиналарға) жоғарыдан бастап бөлеміз (9.11.а сурет). Сонда  $h_1 = 0.5 \text{ м}$ ;  $h_2 = 1.5 \text{ м}$ ;  $h_3 = 2.5 \text{ м}$ ;  $h_4 = 3.5 \text{ м}$ ;  $h_5 = 4.5 \text{ м}$ .

Осы есепте қабырғаны түбіне қатаң бітеп тастау қарастырылса, созылатын сақиналы күштер келесі байланыс бойынша анықталады

$$S_r(z) = S_{r0}(z) - p \cdot r \cdot \left[ \eta_1 + \eta_2 \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right) \right].$$


Сақиналы күштерді есептеу алгоритмі 9.2 кестеде келтірілген.

$S_r(z)$  анықтауда  $\eta_1$  и  $\eta_2$  коэффициенттерін 9.1 кесте бойынша  $k = m \cdot z$  ағымдағы координатқа байланысты қабылдаймыз, ондағы  $m = \frac{1.3}{\sqrt{r \cdot t}} = \frac{1.3}{\sqrt{7.3 \cdot 0.2}} = 1.076$  – қабырға қатандағының сипаттамасы.

Судың гидростатикалық қысымынан және қабырғаның тік жазықтығында қопарылудағы топырақ қысымында июші моменттер пайда болады.

Су қысымының әсерінен болатын ең жоғарғы июші момент

$$M = \frac{p}{2m^2} \left( 1 - \frac{1}{m \cdot h} \right) = \frac{50 \cdot 10^3}{2 \cdot 1.076^2} \left( 1 - \frac{1}{1.076 \cdot 5} \right) = 17.583 \text{ кН} \cdot \text{м}$$



а) сұйыққойма биіктігін аймақтарға бөлу; б) сақиналы күштердің  $S$  эпюрасы; в) эпюра июші моменттердің  $M$  эпюрасы; г) судың гидростатикалық қысымының эпюрасы

**Сурет 9.11 – Цилиндрлі сұйыққойма қабырғаларын есептеуге**

Қысымнан болған моменттерді үлестіру 9.2 кестеде келтірілген.

Қабырғаның тік жазықтығында цилиндрлі сұйыққойманың есептік сұлбасы 9.13 суретінде көрсетілген.

Опырылатын призмада  $p'_Q = 30 \text{ кН/м}^2$  уақытша жүктемеден болатын эквивалентті топырақ қабатының биіктігін анықтайды:

$$h_Q = \frac{p'_Q}{\gamma'} = \frac{30}{17} = 1.76 \text{ м.}$$

Топырақ деңгейінен бастап қабырғаның жоғарына дейінгі  $h'_1$  және  $h'_2$  және топырақ деңгейінен бастап төменіне дейінгі арақашықтықты есептейді (9.12 суретін қара).

$$h'_1 = h_Q - 0.5 = 1.76 - 0.5 = 1.26 \text{ м};$$

$$h'_2 = h - 0.5 + h_Q = 5 - 0.5 + 1.76 = 6.26 \text{ м}.$$

**9.2кестесі—Сұйыққойманыңбиіктігіне байланысты сақиналы күштер мен июші моменттердің үлестірілуі**

Параметрі	Аймақ нөмірі				
	1	2	3	4	5
$h(z), м$	0,5	1,5	2,5	3,5	4,5
$\gamma, кН/м^3$	10				
$p(z) = \gamma \cdot h(z), кН/м^2$	5,0	15	25	35	45
$r, м$	7,3				
$S_{ro}(z) = p(z) \cdot r, кН/м$	36,5	109,5	182,5	255,5	328,5
$z, м$	4,5	3,5	2,5	1,5	0,5
$t = 0.0025 \cdot D \cdot h, м$	$\approx 0,185, 0,2$ тең етіп қабылданады				
$m = \frac{1.3}{\sqrt{r \cdot t}}, м$	1,076				
$k = m \cdot z$	4,84	3,76	2,67	1,61	0,54
$\eta_1$	0,0006	-0,0196	-0,0611	-0,0083	0,5022
$\eta_2$	-0,001	-0,0124	0,0297	0,199	0,298
$\eta_2 \left(1 - \frac{1}{(m \cdot h)}\right)$	-0,0008	0,0101	0,0242	0,162	0,2426
$\eta_1 + \eta_2 \left(1 - \frac{1}{(m \cdot h)}\right)$	-0,0002	-0,0096	-0,0369	0,1536	0,7449
$p = \gamma \cdot h, кН/м^2$	50				
$p \cdot r, кН/м$	365				
$p \cdot r \cdot \left[\eta_1 + \eta_2 \left(1 - \frac{1}{(m \cdot h)}\right)\right]$	-0,071	-3,498	-13,476	56,071	271,871
$S(z), кН/м$	36,571	112,998	195,975	199,429	56,629
$M(z), кН \cdot м$	0,032	-0,612	-1,715	-4,444	2,393

Қабырғаның тік жазықтығындағы цилиндрлі сұйыққойманың есептік сұлбасы 9.12 суретте көрсетілген.


Опырылатын призмада  $p'_Q = 30 кН/м^2$  уақытша жүктемеден болатын эквивалентті топырақ қабатының биіктігін анықтайды:

$$h_Q = \frac{p'_Q}{\gamma'} = \frac{30}{17} = 1.76 м.$$

Топырақ деңгейінен бастап қабырғаның жоғарына дейінгі  $h'_1$  және  $h'_2$  және топырақ деңгейінен бастап төменіне дейінгі арақашықтықты есептейді (9.12 суретін кара).

$$h'_1 = h_Q - 0.5 = 1.76 - 0.5 = 1.26 \text{ м};$$

$$h'_2 = h - 0.5 + h_Q = 5 - 0.5 + 1.76 = 6.26 \text{ м}.$$



Сурет 9.12 – Тік жазықтықтағы цилиндрлі сұйыққойманың есептік сұлбасы

Қабырғаның түбімен бірігуі қатаң болса, онда уақытша жүктеме есебімен сұйыққойманың қабырғасындағы июші моментті (9.34) байланысы арқылы анықтайды.

Нәтижесін 9.3 кестесінде келтіреміз.

Тік арматура қимасының ауданын өте июші моменттерге арналған  $h = t$  көлденең қимасының биіктігі және ені 1,0 м тік бұрышты нысанда иілетін элементтерінің беріктік шартынан анықталады.

Ең жоғарғы июші момент сұйыққойманың ішкі жақтарындағы судың қысымынан пайда болады, ол  $M_{Ed} = 17,583 \text{ кН} \cdot \text{м}$  тең.

$\alpha_m$  коэффициентінің мәнін 2 кестеде, НТҚ-02-01-2011 В қосымшасынан анықтайды:

$$\alpha_m = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{17,583 \cdot 10^6}{9,1 \cdot 1000 \cdot 180^2} = 0,06 \leq \alpha_{m,lim} = 0,372,$$

ондағы  $d = h - c_1 = 200 - 20 = 180 \text{ мм}$ .

НТҚ-02-01-2011 В қосымшасының 2 кестесі бойынша  $\leq \text{C50/60}$  ауыр бетон үшін  $\alpha_m = 0.06$ , мәнін анықтаймыз  $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435 \text{ МПа}$  және  $\omega = 0.0621$ .

Созылған арматураның қажетті ауданы құрайды:

$$A_{st} = \frac{1}{\sigma_{sd}} (\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{435} (0,0621 \cdot 1000 \cdot 180 \cdot 9,1 + 0) \approx 234 \text{ мм}^2$$

508St50 арматурасын қабылдаймыз.

### 9.3кестесі– Сұйыққойма қабырғасындағы июші моменттердің мәндері

Параметрі	Мәндер
$m, м$	1,076
$m^2, м^2$	1,158
$tg^2(45^\circ - \varphi/2)$	0,271
$p'_u = \gamma' \cdot h'_1 \cdot tg^2(45^\circ - \varphi/2)$	5,805
$p'_d = \gamma' \cdot h'_2 \cdot tg^2(45^\circ - \varphi/2)$	28,834
$1 - (p'_u / p'_d)$	0,799
$(1 - (p'_u / p'_d)) / m \cdot h$	0,148
$M = \frac{p'_d}{2m^2} \left( 1 - \frac{1 - (p'_u / p'_d)}{m \cdot h} \right)$	10,607

Сақиналы арматура қимасының ауданын 1 ұз.м созылған элементтің беріктік шартынан формула бойынша анықтайды:

$$A_s = \frac{S_{Ed}}{f_{yd}}$$

Сақиналы арматура қимасының есептік ауданының нәтижелері 9.4 кестесінде көрсетілген.

### 9.4кестесі –Сұйыққойманың сақиналы арматура диаметрін таңдау

Аймақ нөмірі	Сақиналы күштер $S_{Ed}, кН/м$	Арматураның қажетті ауданы $A_s, мм^2$	Арматура диаметрі және таңдаған саны
1	36,571	84	506 St500
2	112,998	260	5010 St500
3	195,975	450	5012 St500
4	199,429	458	5012 St500
5	56,629	130	506 St500

9.14 суретінде арматуралау сұлбасы келтірілген.


2 ЕСЕП

Берілгені :

Тік бұрышты құрама темірбетон сұйыққойманың қабырғаларын жобалау керек, жоспардағы өлшемдері  $36 \times 36 м$  ұстын колонн  $l \times b_c = 6 \times 6 м$  торларымен. Сұйыққойманың ені – 36 м, ұзындығы – 36 м, биіктігі – 4,8 м. Сұйыққойманың сыйымдылығы – 1000 м<sup>3</sup>. Ригельге тірелетін қырлы тақтадан тұратын арқалықты жабын. Сұйыққойма жердің

## ҚР НТҚ 02-03.1-2012

астында: сеппе биіктігі – 1м, топырақтың көлемдік массасы  $\gamma' = 17 \text{ кН/м}^3$ , ішкі үйкелістің бұрышы  $\varphi = 30^\circ$ . Құрылыс ауданы – Қарағанды қаласы.



Сурет9.13 – Сұйыққойма қабырғаларын арматуралау сұлбасы

Жобалауға арналған мәліметтер:

C16/20 класты қалыпты бетон. Сығудағы бетонның есептік кедергісі

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0.85 \cdot 16}{1.5} = 9.1 \text{ МПа}, \text{ созудағы бетонның есептік кедергісі}$$

$$f_{ctd} = \frac{\alpha_{ct} f_{ctk}}{\gamma_c} = \frac{1 \cdot 1.3}{1.5} = 0.87 \text{ МПа}, \text{ бетонның алғашқы серпімділік модулі } E_{cm} = 27 \cdot 10^3 \text{ МПа}.$$

St500 класты арматура, арматураның есептік кедергісі  $f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1.15} = 435 \text{ МПа},$

арматураның серпімділік модулі  $E_s = 20 \cdot 10^4 \text{ МПа}.$

Құрама тік бұрышты сұйыққойма қабырғалы аспап бетінесептеу және конструкциялау

Қабырғалы аспап бетінесептеу және конструкциялау 9.2.1.1 б. сай жүргізіледі. 9.14 суретте жобалауға арналған мәліметтері бар сұйыққойманың көлденең кескіні келтірілген.

Қабырғалы аспап бетінің биіктігі

$$h = H - \left( \frac{h_f}{2} - t_1 \right) = 4800 - \left( \frac{750}{2} - 50 \right) = 4475 \text{ мм},$$

ондағы  $h_f$  – іргетастың биіктігі;

$t_1$  – іргетастағы қабырғалы аспап бетінің бітеп тастау тереңдігі.

Қабырғалы аспап бетінің қалыңдығы типті жобаға сәйкес  $t = 200 \text{ мм}$  тең етіп қабылдаймыз.

Есептеу үшін ені 1 м тікжолқты бөліп аламыз. Жабыннан түсетін  $N_{Ed}$  тік жүктеме есептеуде ескерілмейді, ол сенімділігі артуынан арматура шығынын артады.

Қабырғалы аспап бетінің жүктемесі.

Қабырғаның қысып ұстаған деңгейінде судың қысымынан болатын көлденең есептік жүктеме тең:

$$p = \gamma_f \cdot \gamma \cdot h \cdot b = 10 \cdot 10^3 \cdot 4,48 \cdot 1 = 44,8 \text{ кН},$$

ондағы  $b=1$  – есептелетін арқалықтың ені, м;

$\gamma_f = 1$  – сұйыққа арналған сенімді коэффициенті;

$\gamma = 10, \text{кН/м}^3$  – сақталатын сұйықтыңменшікті салмағы.

Топырақ бетіне  $p'_0 = 10 \text{ кН/м}^2$  уақытша жүктемеден түсетін сеппенің эквивалент қабатының биіктігін анықтаймыз:

$$h_0 = \frac{p'_0}{\gamma'} = \frac{10}{17} = 0,588 \text{ м}.$$

Қабырғалы аспап бетінің жоғарғы деңгейінде уақытша жүктемеден және топырақ қысымынан болатын көлденең есептік жүктеме (сеппе топырақ қысымы)

$$p'_u = \gamma_f \cdot \gamma' \cdot h'_1 \cdot b \cdot \text{tg}^2 \left( 45^\circ - \varphi/2 \right) = 1,2 \cdot 17 \cdot 1,588 \cdot 1 \cdot \text{tg}^2 \left( 45^\circ - 30^\circ/2 \right) = 10,8 \text{ кН/м},$$



ондағы  $\gamma_f = 1,2$  – үйінді топыраққа арналған жүктеме бойынша сенімді коэффициенті;

$h_1 = 1,0 + 0,588 = 1,588 \text{ м}$  – эквивалент қабат пен сеппе биіктігінің қосындысы.

Сұйыққойма түбінде қабырғалы аспап бетінің бітеп тастау деңгейінде сеппе топырақ қысымынан болатын көлденең жүктеме:

$$p'_d = \gamma_f \cdot \gamma' \cdot h'_2 \cdot b \cdot \text{tg}^2 \left( 45^\circ - \varphi/2 \right) = 1,2 \cdot 17 \cdot 6,07 \cdot 1 \cdot \text{tg}^2 \left( 45^\circ - 30^\circ/2 \right) = 41,28 \text{ кН/м},$$

ондағы  $h_2 = 4,48 + 1,0 + 0,588 = 6,07 \text{ м}$  – эквивалент қабат пен сеппе қабырға биіктігінің қосындысы.



Сурет9.14 – Сұйыққойманың көлденең кескіні

Су қысымынан болатын қабырғалы аспап бетіндегі ішкі есептік күштерді анықтаймыз:

- қабырғаның бітеп тастау деңгейінде июшімоменті

$$M_b^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{15} = -\frac{44,8 \cdot 4,48^2}{15} = -59,94 \text{ кН} \cdot \text{м};$$



- арақашықтықта қабырғаның жоғарғы деңгейінен аралықтағы ең жоғарғы июші момент  $x_0 = 0,447 \cdot h = 0,447 \cdot 4,48 = 2 \text{ м}$

$$M_{int}^{in} = -\frac{p'_w \cdot h^2}{33,54} = -\frac{44,8 \cdot 4,48^2}{33,54} = -26,81 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

- бітеп тастау деңгейіндегі көлденең күш

$$Q_b^{in} = \frac{2 \cdot p'_w \cdot h}{5} = \frac{2 \cdot 44,8 \cdot 4,48}{5} = 86 \text{ кН}.$$

Су қысымынан болатын ішкі есептік күштерді анықтаймыз:

- қабырғаның бітеп тастау деңгейінде июші моменті

$$M_b^{out} = -\left(\frac{p'_u \cdot h^2}{8} + \frac{p'_d \cdot h^2}{15}\right) = -\left(\frac{10,8 \cdot 4,48^2}{8} + \frac{41,28 \cdot 4,48^2}{15}\right) = -82,33 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

- арақашықтықта қабырғаның жоғарғы деңгейінен аралықтағы ең жоғарғы июші моменті  $x_0 = 1,88 \text{ м}$ , ондағы  $x_0$  теңдеу шешімінен анықталады:

$$\frac{p'_d \cdot h}{10} + \frac{3 \cdot p'_u \cdot h}{8} - p'_u \cdot x_0 - \frac{p'_d}{2 \cdot h} \cdot x_0^2 = 0$$

$$M_{in}^{out} = \left(\frac{3 \cdot p'_u}{8} + \frac{p'_d}{10}\right) \cdot h x_0 - \frac{p'_u}{2} \cdot x_0^2 - \frac{p'_d}{6 \cdot h} \cdot x_0^3 =$$

$$= \left(\frac{3 \cdot 10,8}{8} + \frac{41,28}{10}\right) \cdot 4,48 \cdot 1,88 - \frac{10,8}{2} \cdot 1,88^2 - \frac{41,28}{6 \cdot 4,48} \cdot 1,88^3 = 39,59 \text{ кН} \cdot \text{м};$$

- бітеп тастау деңгейіндегі көлденең күш

$$Q = \frac{5}{8} \cdot p'_u \cdot h + \frac{2}{5} (p'_d - p'_u) h = \frac{5}{8} \cdot 10,8 \cdot 4,48 + \frac{2}{5} (41,28 - 10,8) 4,48 = 84,86 \text{ кН}.$$

Қабырғалы аспап бетін арматуралауды үлкен аралық момент пен июші моменттерге арналған көлденең қиманың биіктігі  $h = t$  және ені  $1,0 \text{ м}$  тік бұрышты нысанды иілетін элементтердің беріктік шартынан анықталады. Ең жоғарғы июші момент қабырғаның бітеп тастау деңгейіндегі (босатылған сұйық қоймада) топырақтың қысымынан пайда болады және ол  $M_{Ed} = 82,33 \text{ кН} \cdot \text{м}$  тең. Аралық момент  $-M_{Ed} = 40,3 \text{ кН} \cdot \text{м}$ .

Ең жоғарғы июші момент үшін  $\alpha_m$  коэффициентінің мәнін 2 кесте бойынша НТҚ–02–01–2011 В қосымшасынан анықтаймыз.

$$\alpha_m = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{82,33 \cdot 10^6}{9,1 \cdot 1000 \cdot 180^2} = 0,279 \leq \alpha_{m,lim} = 0,372,$$

ондағы  $d = h - c_1 = 200 - 20 = 180 \text{ мм}$ .

2 кесте бойынша НТҚ-02-01-2011 В қосымшасында ауыр бетон үшін  $\leq C50/60$   
 $\alpha_m = 0,279$  мәнін  $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435 \text{ МПа}$  және  $\omega = 0,339$  анықтаймыз

Созылған арматураның қажетті ауданы мынаны құрайды:

$$A_{st} = \frac{1}{\sigma_{sd}} (\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{435} (0,339 \cdot 1000 \cdot 180 \cdot 9,1 + 0) \approx 1277 \text{ мм}^2$$

Қадамы 100 мм  $10\emptyset 14 St500$  арматураны қабылдаймыз (қабырғалы аспап бетінің екі жағынан).

Аралық июші момент үшін  $\alpha_m$  коэффициентінің мәнін 2 кесте бойынша НТҚ-02-01-2011 В қосымшасынан анықтаймыз:

$$\alpha_m = \frac{M_{Ed}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{40,3 \cdot 10^6}{9,1 \cdot 1000 \cdot 180^2} = 0,137 \leq \alpha_{m,lim} = 0,372,$$

ондағы  $d = h - c_1 = 200 - 20 = 180 \text{ мм}$ .

2 кесте бойынша НТҚ-02-01-2011 В қосымшасында ауыр бетон үшін  $\leq C50/60$   
 $\alpha_m = 0,137$  мәнін  $\sigma_{sd} = f_{yd} = 435 \text{ МПа}$  және  $\omega = 0,152$  анықтаймыз.

Созылған арматураның қажетті ауданы мынаны құрайды:

$$A_{st} = \frac{1}{\sigma_{sd}} (\omega \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{435} (0,152 \cdot 1000 \cdot 180 \cdot 9,1 + 0) \approx 573 \text{ мм}^2$$

Қадамы 200 мм  $10\emptyset 14 St500$  арматураны қабылдаймыз (қабырғалы аспап бетінің екі жағынан).

**10 SLS ЖАРАМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ШЕКТІК КҮЙІНЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ СҰЙЫҚТЫҚТЫ ОҚШАУЛАУШЫ ЖӘНЕ ТҮТҚЫР  
ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЕСЕПТЕУ**

**10.1 Жарықты бақылау****10.1.1 Жалпы сұрақтар**

Қосымша 7.3.1(9) ҚР ҚН EN 1992–1–1 кейін

10.1.1.1 Аққыштыққа қарсы қажетті дәрежеге байланысты қорғайтын сұйықтықты тоқтату үшін конструкцияларды топтастыру өте ыңғайлы. 10.1 кестесінде топтастыру көрсетілген. Кез келген бетон шашырату жолымен газдарды және сұйықты аз мөлшерде өткізеді.

**10.1 кесте – Герметиканың топтасуы**

Герметика класы	Ағып кетуге қойылатын талаптар
0	Ағып кетудің кейбір дәрежесі қабылданады немесе сұйықтың ағып кетуі маңызды емес.
1	Ағып кетуді шектейді. Ылғал дақтардың болуы немесе бет жағының өңі өшуі қабылданады.
2	Ағып кету ең төменгі болуы мүмкін. Өңі өшудің болмауы.
3	Ағып кету рұқсат етілмейді.

10.1.1.2 Пайда болатын жарықтың тиісті шектерін конструкцияның қажетті функциясына сай назар бөліп, қарастырып отырған элементтің топтастыруына байланысты таңдайды. Саралау талаптардың болмауына байланысты келесі талаптарды қабылдауға болады.

Герметикалық класы 0 – 7.3.1 ҚР ҚН EN 1992–1–1 орнатылған ережелерді қабылдауға рұқсат етіледі.

Герметикалық класы 1 – қиманың толық қалыңдығы арқылы өтетін кез келген жарықтар  $w_{kl}$  шектеледі. 7.3.1 ҚР ҚН EN 1992–1–1 орнатылған ережелерді жарығы жоқ қиманың толық қалыңдығында және төмен (10.1.1.3) и (10.1.1.4) орнатылған шартқа қанағаттанғанда қолданады.

Герметикалық класы 2 – ереже бойынша, қиманың толық қалыңдығы арқылы өтуін есептейтін жарықтың болмайтынын қалайды, егер тиісті шара қолданбаса.

Герметикалық класы 3 – ереже бойынша, су өткізбеушілікті қамтамасыз ету үшін ерекше шара қажет етеді

